

Олбыстық әкү
басқармасы
Областное управление
образования
Солтүстік Қазақстан облыстың
мұғалімдер білімін жетілдіру институты
Северо-Казахстанский областной институт
усовершенствования учителей


Магжан-азамат,
ақын, педагог
Магжан-гражданин,
поэт, педагог

Петропавл қаласы—1993
г. Петропавловск—1993

ОБЛЫСТЫҚ ОКУ БАСҚАРМАСЫ
ОБЛАСТНОЕ УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
СОЛТУСТИК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ МҰҒАЛІМДЕР
БІЛІМІН ЖЕТИЛДІРУ ИНСТИТУТЫ
СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКИЙ ОБЛАСТНОЙ
ИНСТИТУТ УСОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ УЧИТЕЛЕЙ

**Мағжан-азамат,
ақын, педагог
Магжан-гражданин,
поэт, педагог**

Петропавл қаласы — 1993
г. Петропавловск — 1993



Солтүстік Казакстан облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институты редакциялық-баспаалық кеңесінің шешімі бопынша басылып шықкан.

Издается по решению редакционно-издательского Совета Северо-Казахстанского областного института усовершенствования учителей

Құрастырушылар: Есімұканова К. К. —ОМБЖИ-ның қазақ тәрі мен әдебиеті кабинетінің менгерушісі.

Садуакасова Б. Ж. —ОМБЖИ-ның орыс тәрі мен әдебиеті кабинетінің менгерушісі.

Рецензиялагандар: Сенкібаев С. Т.—ОМБЖИ директорының орынбасары.

Гармаш З. Н. —ОМБЖИ-ның кабинет менгерушісі.

Бұл жинакта 1993 жылдың 25-26 наурызында Петропавл қаласында өткен «Мажжан—азамат, ақын, педагог» атты педагогикалық окуудың материалдары берілген. Мажжан Жұмабаевтың өмірі, қызметі, шығармашылығы туралы теориялық материалдар мұғалімдер үшін ұсынылған.

В данном сборнике изложены материалы областных педагогических чтений «Мажжан—гражданин, поэт, педагог», состоявшиеся 25-26 марта 1993 года в г. Петропавловске, которые дают возможность глубже познакомиться с творчеством, педагогической и общественной деятельностью М. Жумабаева.

Солтүстік Казакстан облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институты

Северо-Казахстанский областной институт
усовершенствования учителей.



1893—1993

МАҒЖАНДЫ СҮЙЕМІН

Казак жазушыларынаң, әрине, Абайды сүйемін. Менің олға күйімнен ішкен асым, алған нәрімің барлығы да—Абайдан. Таза әдебиет сарышына бой ұргаңда, маган «Абай» штеп сөз—«Казак» деген сөзбел тәнбебе-тәң түсегіндегі кез кері бар секілді. Абайды суюм үнемі ақылдан туған, сыйнан туған сүйіс емес, кейде туған орта, кір жуып, кілдік аскен жерді сүюмен нара-пар болатыны бар.

Бұдан соң Мағжанды сүйемін. Европалығын, жарқыраган шекенин сүйемін. Қазак ақындарының кара кордалы ауызында туып, Европадағы мәдениетпен сұлуплық сарайына барып, жайлалауды жараскан арқа қызын көріп—сөзтегендегі боламын. Мағжан—мәдениеті зор ақын. Сыртқы кестенің кесімі мен күйшілдігіне қараганда, бұл бір заманың тегінен асқандай, сезімі жетілмеген казак қауымынаң ертерек шыққандай, бірақ түбінде әдебиет тарагушылары газетпен косақтатып, күндегі өмірінің терепін терген ақын болмайды, әмманынаң басып озып, ілгерілеп кеткен ақын болады. Әдебиет әдебиет үшін деген тапба айқын болмаш, норли әдебиет болуга жол жок. Соңдықтан бүгінгі күннің бар жазушысын ішінен келешекке бой ұрып, артқы қүнге анық қалуга жарайтын сөз—Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәрінің ішкі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін.

М. ӘУЕЗОВ.

Ғабдуллина М. Е.—Гіетронавт педагогикалық институтының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты.

М. ЖҰМАБАЕВТЫҢ «ПЕДАГОГИКА» КІТАБЫНДАҒЫ ТІЛ МӘСЕЛЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫ

Ана тілімізді үйрепу, оның қолданыс аясын барынша кеңей түдің жолдарын ойластыру—бұғынгі күннің маңызды мәселелерінің бірі.

Бұл орайда казак тілі сабағының атқарар қызметі айрыкша. Бала ана тіліне саналы түрде алғаш рет казақ тілі сабағында қаралды. Тілдің заңдылықтары бар екенін, тілдің мәртебелі болуы үшін осы тілде сөйлесітін әр адамның заңдылықтарды сактап, ана тілінің ерекшелігін сезе білу көрктігін түсінеді.

Ал, енді осы мәселеге байланысты қазіргі қолданылып жүрген қазак тілі оқулықтарында қандай деректер берілгенін қарастырайық, 1991 жылы «Рауан» баспасында шыққан оқулықтың бірінші параграфы «Қазақ тілі — Қазақ ССР-інің мемлекеттік тілі деп аталағы. Бұл белімде жалпы тіл туралы Лениннің, казақ тілі туралы белгілі акын, жазушылардың сөздері берілген. Осы тақырып бойынша сабак өткізгенде мұғалім балаларды «Тіл туралы Заңмен», оның кабылдау себептерімен таныстырады. Бұл жerde тілдің адам өмірінде алатын орны, мәні туралы айтпауга болмайды. Лениннің «Тіл — адамдардың қарым-қатынасының аса маңызды құралы» деген сөздерінің орына немесе оған косымша ретінде Мағжанның «Тіл — адам жаңының тілмөші. Адам тіл арқасындаған жан сырын сыртқа шығарып, басқалардың жан сырын ұза алады» деген сөздерін койсак, оқушыларға бір жағынан түсініктірек болса, екіншіден, олар жерлес ақынымыздың тағы да бір қырымен танысады.

Тілдің қызметін түсінуде бұл сөзлердің зор маңызы бар. Тіл — адам баласы қоғамында катынас құралы, сөйлесін, пікір алысадын құралы ретінде қызмет атқаратын қоғамдық құбылыс. Тіл ең алғаш адам баласы ұжымында катынас жасаудың, сөйлесудің құралы ретінде пайда болды.

Тіл мен қоғамның өзара тығыз байланысы—екі жақты байланыс. Біріншіден, тілсіз ешбір қоғам өмір сүре алмайды.

Гіл жок жерде адамдардың когамда бірлесіп енбек еті, когамдық өндірісті үйимдастыруы, оны ламытуы мүмкін емес. Демек тіл адам баласы когамының өмір сүруінің және ғамуының кажетті шарты.

Екіншіден, тіл когам бар жерде гана өмір сүреді. Когам тілдің өмір сүруінің шарты.

Үшіншіден, тіл — ұлттың аса ұлы шілтігі, ері оның өзіне ғана ажырағысыз белгісі. Ұлттың өзінің болашағы тілдің да-шының, оның когамдық қызметінің кепеене тығыз байланысты.

Гіл тек катышаे құралы гана емес, сонымен бірге ойлаудың, ойның жарыққа шығуының да құралы. Ой және оның ғазымұны тіл арқылы көрініп, сол арқылы ұбынылады. Демек, ойлау мен тіл бір-бірімен өзара тығыз байланысты.

Гындаушы да сөйлеушінің ойын тіл арқылы түсінеді. Яғни, тіл — пікір алдысу құралы, ойлаудың қаруы. Тіл біздің ойнымызды қалыптастырып коймайды, сонымен бірге адамдаттың ең ғасырлар бойы жишиктаган мол тәжірибесін сактауга және оларды ұрпақтаи-ұриаққа жеткізуге мүмкіндік береді.

Мажжаниң келесі бір сөзін әрбір қазак үйінің, әрбір қасык мектебінің мандайшасына жазып койса, артық болмас ти. Ол мына сөздері: «Ұлтка тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті». Осы айтылған сөздің магынасын оқушыларға шылтетті түрде түсіндіру керек. Алдымен ұлттың негізгі белгісінің бірі—тіл екенін балалардың есіне саламыз. Ақынның жоғарыда көрсетілген сөздерімен таныстырып, ойнымызды әрі қарай жалғастырамыз. Ұлт пен тілдің арасындағы тығыз байланысты түсінуге Мажжаниң келесі сөзі қөнектеседі: «Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, үрмисы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады». Шынында да тіл халықтың тарихы, шежіресі, халықтың барлық өмірінің жаңғырығы мен ізі, одан сол тілді жасаушы халықтың әлемдемесі мен үміті, кайғысы мен куанышы, барлық рухани өмірінің үшін естіліп тұрады. М. Жұмабаев тілдің осы бір қасиеттері жайында былай деп жазады: «Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, бірсесе желсіз түндей тымық, біреуе, күйіндай екпінді тарихы, сары далада үдере көшкен үрмисы, асықпайтын, саспайтын, сабырлы мінезі — бәрі көрініп тұр».

Осыған орай, орта және жоғарғы мектептің мақсаты — қазақ тілін қазақ халқының тілі ретінде оқыту, тілдің қогам-

да атқаратын барлық қызметін көрсете білу. Бұл жерде маңызды талаптың бірі мынадай: тіл жүйесі арқылы халықтың танымын, басқа халықтармен карым-қатынасын түсінуге үйрету. Тілді тек жалаң грамматикалық схема ретінде емес, гасырлар бойы жиналған халықтық философияның, психологияның, педагогиканың, тарихтың жинағы ретінде күраестыру кажет.

Қазак халқының тілін үйрену—сол халықтың коршаган сртапы шгеруін түсінү деген сөз. Халықтың тілін үйрену—сол халықты тапу, оның әрбір тобының—жұмышшының, ақындардың, интелигенцияның, карашайым шаруашын калай сөйлейтінін білу.

Мағжаниның тіл туралы ойларын негізге ала отырып, біз қазак тілін терең түсініп, оғе жақсы шгерудің бірнеше жолдарын ұсынамыз:

Енді осылай токталайық:

1. Сөз тұркінін қоғам тарихына байланысты зерттеу.

Сөздің шығу тарихы оның халық өмірімен тығыз байланысты екенин көрсетеді. Мысалы, мынадай сөздерді атайды: шындық, қайырымдылық, махабbat, әсемдік, заң т. б.

Бұл сөздердің шығу тұркінін біз аудың әдебиетінен, діни, философиялық шығармалардан, көркем әдебиеттен іздейміз. Бұл іздение халықтың жақсылық, жамандықты, имандылықты, қайырымдылықты калай түсініп, уағыздағанын, осы қасиеттерді бала бойына калай сініргенін көрсетеді.

2. Жер-су аттарын, есімдердің сырын ашу, олардың шығу тарихын зерттеу. Осы атаулардың тарихын білу өз елін, жерін, қалірлеуге, сүйе білуге ықпалын тигізетіні даусыз.

3. Тілдің мәдени және тарихи жақтарын оқыту. Мысалы, мектепте мынадай тақырыптарды алуға болады: «Қазак халқының рухани өміріне байланысты сөздер мен сөз тіркестесірі». Бұнда сенім, махабbat, отан, күнә, обал, кешіру, даниялық т. б. сөздері оқытылады. Сонымен катар, кейбір тақырыптарды оқығанда, әртүрлі тау атауларды бір жүйеге келтіру де колға алынады. Оған мысал отбасы, жаңуя деген сөздер.

4. Оқушы, немесе студент өз ана тілінің ерекшелігін, оның қайталаңбас, басқаларға ұксамайтын құбыретін түсіне білу керек. Біз неге осылай сөйлейміз, басқаларға қараганда ана

іі піміздің ерекшелігі неге деген сұркты окушы өзіне әрқашан койып отыру кажет. Неліктен казак халқы «Малымжанымның садақасы, жаным—арымның садақасы» дейді, осындағы тағылым басқа халықта бар ма деген ой өз халқының ой-нрісін, өмірге деген көзкарасын түсінуге көмектеседі.

5. Көркем сөз шеберлерінің тілін зерттеу, оның ерекшелігін байқау да ана тілінің айырықшылығын білуге ықпал етеді. Әрине, бұл іске де жана көзкарас кажет белгілі әдеби саныштардың жазғалын емес, сол шыгарманың тексін оқып, ақын, жазушының дүние танымымен танысу, олармен пікір аесу, олардан үйрену—мінс окушыларға койылатын талаптар осындаі.

6. Тілдегі әр түрлі диалектілерді, көсіби сөздерді зерттеуде өзінің гуманистік міндеттің аткарады. Өйткені тілдің бұл формалары нағыз, шынайы ұлттық тілді үйренуге ықпал етеді, өз тіліне деген құрметті, махаббатыны арттырады.

Шокірттерді өз ана тілін қадір тұтып, құрметтей білуге тәрбие, жалпы тәрбиенің басты бір элементі.

Қазак тілін мектепте он жыл оқыганда, ана тілінің әдебиесіндай бай, көркем, тілге женил, оралымды екендігіне окушылардың көзі жету керек.

Ал, ақынның мына бір жолдары осыдан 60 жыл емес, кеше гана жазылғандай әсер етеді.

Жарқын көрмей жатсан да ұзак, кең тілім,
Таза, терес, өткір, күшті, кең тілім.
Тараған түрік балаларын бауырыңа
Ақ котынмен тарта аларсың, сен тілім

Бұл олең жолдарын барлық казақ тілі сабактарына эпиграф ретінде ұсынуға болады.

К. М. МҰКАНОВ—облыстық әділім
басқармасы бастығының орынбасары.

МАҒЖАН ЖҮМАБАЕВ—АҚЫН, АЗАМАТ, ПЕДАГОГ

Қазак әдебиетінің ХХ гасыр басындағы жарық жұлдызы—
дарының бірі—Мағжан Бекенұлы Жұмабаев. Өмірі мен
өлеңі бір кезде ақызга айналған ақының аты соңғы жарты
гасыр бойы айтылмайтын, атамайтын болып кеткен еді.
Сондыктан кейінгі буын—біздер бұл ақының білмей, оның
өлеңдерін оқымай, тіні көрмей өстік. Бірак, ол заманың
жүзін көрген, егде азаматтар, несессе солардан үйренген
көцілі ояу жандар Мағжанды білген, оның өлеңдерін жат-
ка айта жүрген.

Мысалы, жазушы Жайық Бектұров бытай деп жазады:
«Біз жас шағымызда, 20-шы жылдарда Мағжан өлеңдерін
жаттаи өстік, алғашқы совет мектептеріндегі оның термелеге-
рін тақпак етіп айттык. Алғаш бала кезімізде молда алды-
нан «әліп-би» «Әптнек», «Иманшарт» оқып хат таныған
біздерге Мағсан өлеңдері мен әпдері соқыр алаңың айна-
ласындағы жарық дүниені алғаш көзін ашып көргеніндей
әсер етіп еді. Содан да Мағжан ерте күннен көnlімізге кон-
ған ақын еді». (Бес арыс. Естеліктер, эссе және зерттеу ма-
калалар. Алматы. «Жалын» 1992 жыл. 306 бет).

Ал біздің буын ақының кітаптарын соңғы 3-4 жылға
дейін көре де алмады, өйткені Мағжан кітаптары аузы
ашылмайтын құлыштаулы сандықта сарғайып, тозып, жыр-
тылып, жоғалып жатты. Өйткені оның атын атауға да, кі-
таптарын окуға да тиым салынған еді.

Ақын бір кездегі акты қара, караңы ак деп түсінірғен
зорлық-зомбылық дәүірдің күрбаны болған еді.

Сонда бұл Мағжан Жұмабаев кім? Қайдан шыккан, кан-
дай еңбегімен аты ақызға айналған?

Не үшін қаруланған?

Не себепті оның атын атауға, шыгармаларын окуға тиым
салынған?

Оның «Мен кім?» деген өлецинде мынадай жолдар бар:

«Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?
Жолбарыспын, маған қарсы кім тұrap?
Көкте—бұлт, жерде —желмін гүлеген,
Жер еркесі—желдің жөнін кім сұrap?...»

Жалынмын мен, келме жақын, жанаарсың,
Гүлпармын мен, шаңыма ермей қаларсың.
Құл болсын қөк, жемірілсін жер, уайым жок,
Көз қырымен күліп қана қаармын..

Мен өлмеймін, менікі де өлмейді,
Надан адам өлім жогын білмейді.
Өзім—патша, өзім—қазы, өзім—би,
Кандай ессіз не қылдың деп тергейді?»

Осы ғомантикалық асқақ шумактардан акының өз күніне, өз таланттына, өз тәғдышына қәміл есігегін байқаймыз. Бұл жолдардан асyp-тасуды, астамдыкты емес, асылдықты, тектілікті, мықтылыкты көреміз. Ақын сөзі аңызы шындықтың айнасы болып отырган. Өзі оны түсінген де, білген де. Асыл сөздерінің ардақты иесі бар екенін, ол иесі—акыл-шарасатын, мейірімді, үлкен жүректі туган халқы екенін де шешен. Өйткені Магжан акын бар өмірін, өнерін, білгенін сол туган халқына, еліне ариаган, ариаган да сарнаған.

«Жан сөзі» деген әйгілі өлеңінде (1920 ж)
«Қазақ елі, бір ауыз сөзім саған:
Болғайсың, сыншы болсан әділ сыншы,
Кінәні жүрекке қой, қойма маған.—
деуінің де төркіні сонда жатыр.

Магжан өз тегін де, өз жерін де мақтаумен өткен, өміршілдегі азаматтық орынын адактауга үмтүлған, өлең сөздің деген маржанын төгілткен, сұлу жырымен оқырманын егілткен, оне бойы капаста, қайғы мен касіретте өмір кешіп, акыннанда мұлт кеткен, өзі айтқандай, соры арылмаған халынын зарлы перзенті. «Мен өлмеймін, менікі де өлмейді» штепенде, каяп-катер жок демегені белгілі, бірак сондадағы шылда моянын талша қылатынын білши не? Жалпы алып арағанда, «Мен өлмеймін» деген сөздерде терең шындық шылдырып. 60 жылдан аса уақыт бойғы деслотизм акын үнін шынартпай, тұмшалап келсе де, енді естіліп, акыры жалғастық тұлканы шындық. Философиялық мағынада алсақ, акын өлмей мен дана сөзі өлмек емес.

Осы орайда акын тағдырына біраз токтапайык. Фасыр ақынан-ак ел-жүртіна мәшіүр болған Магжан Жұмабаев 1988 жылдың желтоқсанында ғана акырғы рет акталды. Ақырғы рет деуіміз — ол реєсін түрде 1960 жылы-ак акталған еті. Бірак сол кезде оның есімін атауга, шыгармаларын атаудауга рұхсат болмады. Себебі, Ԑұлай жасауды тоқы-

рау заманының басшылары макұл көрмегі, жабулы казап жабулы күйінде кала берді. Енді ақын казасынан соң жарығы гасыр өткенде ғана, аты азызға айналған есім халқына кайта оралды. Мұны жалпы қауым қуана, тебірене карсы алды. Өйткені, бұл мәдени өміріміздегі үлкен оқиға еді. Бір қазақдері нахактан күйгеге есім акталып кайта оралса, оған қалай қуалбаймыз?! Кешелері дүлей кара құш ақыл парасатты ауыздақтап, шідерлегенін, ата-баба жолын ұмыттырып, тенсіздікке сүйрекенін білеміз. Бүгіндері өткендегі орташ қателерді жөндейп, рухани байлықты, талант сөздерін ұалықтың өз іелігіне кайтаруга мүмкіндік туып отырғаны, арие, қуанарлық жай. Өйткені, М. Жұмабаевтың Жүсілбек Аймауыповтың, Ахмет Байтұрсыновтың, Шәкәрім Құлайбердиневтің, Міржакып Дулатовтың бай мұрасының ұлттық мәдениетімізге кайта оралуына ризашылық білдірмей, бейтарап қалу мүмкін емес.

Енді ақынының өмір жолына қыскаша шолу жасап көре-мік. Мағжан Жұмабаев 1893 жылы 25 маусымда Ақмола губерниясының Ақмола уезіндегі Полуденовский болысында (Казіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданы, М. Жұмабаев атындағы совхоз) Сасықкөл деген көлдің жағасында әулетті семьяда туған. Мағжан төрт жасында ауыл мұғалімінен хат танып, сауат ашады. Мағжаның окуя жеректігін көрген әкесі оны 1905 жылы Қызылжар жағасындағы медресеге окуға береді. Бұл медресені Стамбул университетінде оқып дәріс алған, араб, парсы, түрік тілдерін еркін меңгерген жергілікті интеллигент Мұқаметжан Бегішев ашкан екен. Ол өзі шығыс халықтарының тарихы жөнінде де сабак берген. Мағжан бұл медресені 1910 жылы 17 жасында жақсы үлгіріммен бітіреді. Ол арабша, парсыша, түрікше тіл біліп, сол тілдердегі әдебиетпен таныса бастайды. Оның ақындық таланттының ояна бастағаны да осы жылдар болса керек.

Сол 1910 жылдың күзінде өзінің ауылдасты Әрі мектептес досы, талапкер жазушы Бекмұқамбет Серкебаевпен (СССР халық артисі, белгілі әнші Ермек Серкебаевтың әкесі) бірге Уфа қаласындағы атакты «Медресе — Ғатияға» окуға барып түсекін. Бұл сол кездегі мұсылмандық бағыттагы жогары оку орны болатын. Мағжан сол медреседе сабак берегін ұстаз, белгілі татар жазушысы Ғатымжан Ибрағимовпен, медресенің жетекшісі Сәлімгерей Жангуринмен, жерлеңсі, болашақ қөнекті жазушы Бейімбет Майлимен болашақ башқұрт жазушысы Сайғи Құдашпен танысады.

Мағжан бұл медреседе көп оқымайды. Мағжаниның білім ішегейн байкаған және оның ақындық таланттың таныған Галымжан Ибрағимов: «Мұнда сен оқитындар оку жок, сен білімнің жолын басқа жерден ізде», — дег ақыт береді. Кеңише осы Галымжан Ибрағимов өзінің көнишлікке таныс «Қазак қызы» атты романында Мағжаниң мына бір шұматын эпиграф кып атады:

«Кең дала, көресің ғой ана жатқан,
Жібектей жасыл шөптер бетін жапқан.
Аскар тау, балдан тәтті сұлары бар,
Әне сол апам еді мені танқан».

Бұдан соң Мағжанга үстаз болған — оның аға замандасы сол кездің өзінде «Оян казақ!» атты жинағы шықкан казактың белгілі ақыны, әрі публицист, қоғам қайраткері Міржакыл Дулатов. Ол бір кыс бойы Мағжанга орыс тілін үйрептейі, орыс және шет ет ақындарының өлеңдерін аудартты. Оның, орыс тілінің нәрімен сусыннатады. Бұл Міржакытың «Оян казақ!» кітабы үшін күткінде түсін, 1910 жылдан Қызылжарға келіп паналаган кезі болатын. Өзінің ағасы Асгарға жазған бір хатында Міржакып былай дейді:

«... Осы қалага келгелі орында оқытыш жүрген шәкіртім, Мағжан Жұмабаев сынды ақынды бар. Оның менен жасы үшін, жазған өлеңдері тамаша, ақындығы күшті, әте дарының жігіт. Екеуміздің өмірге деген көзқарасымызда айырмашылық жок десе де болады, сыртасып, достасын кеттік».

Осы кезде Мағжанга Орынборда Ахмет Байтұрсынов шығарып тұрган «Қазак» газетінің де ықпалы зор болған. Ол оған де осы газет жұмысына белсендін ат салықсан.

1909 жылы Уфа мен Петербург баспаханаларынай Қазак қаласын дүр сілкіндірген З кітап шықты. Олар: Абайдың өлеңдерінің алғашкы жинағы, Ахмет Байтұрсыновтың «Қызыл мысалы», Міржакып Дулатовтың «Оян, казағы» еді. Мағжан, өрине, бұлардың бәрін де оқыған.

1912 жылы Қазан қаласында Мағжаниң «Шолпан» атты үнгыш өлеңдер жинағы басылыш шығады. Оны шығаруға Галымжан Ибрағимов көп көмек көрсеткен. Бұл өлеңдер жинағы өзінің соңғы сөзімен, казак поэзиясындағы жаңа өриенімен көзге түседі. Мағжаниң бұл кітабы казак поэзиясында 1909 жылы шықкан Абай жинағының жалғасынан көп көрсетті. Мағжан сол өзінің үнгыші жинағында ұлы акынша арналған «Алты хакім Абайға» атты өлеңдің бастиры-

ған. Бұл өлеңде жас ақынының берілген бұрынғы ойна көбірек көніл бөлгелі көрінеді:

**Ай, жыл өтер, дүние көшіп тартар,
Олтіріп талай жанды, жұғіп артар.
Көз ашып, жұртың ояу болған сайын
Хакім ата, тыныш бол, қадірің артар—дейді.**

1913 жылы Магжан, Ахмет, Міржакын сипаты жана дос-тарының ықпалымен Европа бітіміне жакындаспақ иштеп Омбына келіп оқытушылар семинариясына оқуга түседі. Семинария кабырғасында ол Сәкен Сейфуллинмен танысады.

Осы 1913 жыл Магжанды жана сапалық білікке көтөреді. Ол халқының осындай мүсөнір себебін табады, көп іорсеге көзі ашылады. Қазактың жан-жагынан қызып, еркін бермей, туишиқтырып отырган патша үкіметі екенін түсінеді. Ол кезде қазақ баласы ең шығандап шыққанда болыс болуы мүмкін, орынша оқығашнан шығар білгі оязна тілмаш болуғана. Өз алдына ел болмай, халықтың бордай тозып, бытшыты шығатынын сезе бастайды. Сонда да болса ол болашактан үміт күтеді. Сонымен бірге халқының өткен күндеріне де көз тігеді. Сонау қантөгіс жорыктарға толы хандар мен бектер дәуірі өған нағыз еркіндік заманындаі көрінеді. Ол кезде қазактар өзімен-өзі болып, бұлғактап өмір кешкендей болады. Ақын киялты өткен күндерді шарлайды; жарапалы жүргегіне тағат іздейді. Кешегі күннің кейбір суреттерін жанына жалау етіп, сонау жарасына ем тапқанлай болады. 1913 жылы жазған «Орал тауы» атты өлеңінде ақын былай дейді:

**Бір күнде сенің иен түрік еді,
Орын ғып көшіп-қонып жүріп еді.
Корықпайтын таудан, тастан батыр түрік
Койныңа жайыменен кіріп еді...**

**Ер түрік ен далаңа көрік еді,
Отырса, көшсе, қонса—ерік еді,
Тұрғанда бақыт құсы бастарында,
Іргесі жел-күн тимей берік еді.**

Осылайша ол түрік елінің сонау біргүтас болып тұрган кезін еске түсіреді. Бірақ артқа қаша бұрылғанмен өткен қайтып келмейтінін білген ақын енді өз заманын ойладап, елдің қамын жейді. Сондықтан ол бұдан былайғы жерде өлеңдерінде көбінесе өз заманының сан қылыш кескін-келбетін

реттеуге бет бұрады. Ол азаттық жолын өткеннен де, кеттеннен де, Батыстай да, Шығыстай да іздемейді, өз халқының үмгылатын, арпалысатын, аяусыз қуреске түсетін шаршы деп біледі.

Мезгілше, мейлі келсін, тісі батсын,
Сұр жылан, өзі оятар, қатты шақсын.
Жаңадан жолбарыстай үмтүлармыз,
Көрелік төніректі, тек таң атсын!

«Ейде... тек таң атсын!» деген өлеңіндегі осы бір сөздер Магжаниның нағызы алеумет ақыны бола бастағанының белгісі еді. Натша өкіметтің сұр жыланга тәңең отырып, сол жылан казакты каттырақ шаға түссе, казақ та карсы қымылдар еді, боестандыққа үмтүлар еті дегенді айткысы көлген.

Бірнеше ғасыр бойы елін-ерін тонап, еркінен, елдігінен айырган патша өкіметтің бостандық сүйгіш ақын қалай жақсы көрсін! Құрықты алыстан салып, әуелі елдігінен, сонаң соң дінінен, ақыр аяғы тілінен айырмак болып отырган өкіметті ақын жүргі кабылдай алар ма? Сондыктай да ол аяқ-колы шырмалғаш туган елін бейғам отырмауга шакырады.

Карманбай, карап жатып бақ күтүге,
Ізденбей, аласұрып, тақ күтүге.
Тағдырда бір тактайға жазулы деп,
Әр іске, кім үйретті, шак күтүге?—деп өзіне де жүртқа а сұрап кояды «Дін үйреткенге» деген өлеңінде. Ол болмыстың осындағы касіретті құбылтысын, айтып қана коймайты, қуреске шакырады:

Жок енді, жату болмас бос енбексіз,
Жалбарып: «Жасаған!»—деп жас төкпеспіз.
Өзіндегі сөзің де кет бізден аулак,
Жаны өлген, жүргі өлген, мұндар кексіз—деп.
Дін үйреткен молдалардың патша үкіметтіңің езгісіне шыдау берек деген үмітін сыйнай отырып, одан ари
Біз жаңа көрдік тапиың желі ескенін,
Салқынмен сесскендірмек бол өскенін.
Сылдырлап су, сыйдырлап жапырақтар:
«Ейді жи енді, алаш, тұр!»—дескенін!—деп халқын оятуға, есін жиып, қуреске шығуға үндейді.

1913-1916 жылдар Магжаниның ақын және азамат ретінде белен қалыптасан кезеңі, атанаң баласынан адамзаттың баласы болуға біржола ойысанан кезі. Ол осы жылдарда Омбы мұғалімлік семинариясында оқып жүріп, орыс және Батыс Европа ақын-жазушыларын құныға оқиды, өзіне жаңа

та тосын ой, идеалдарды көніліне токи береді. Оның алдында жаңа бір әлем ашылады. Гете мен Толстой, Гейне мен Горький, Верлен мен Мережковский, Бальмонт пен Брюсов, Блок пен Сологуб сынды сан күлті, сан қырлы таланттар еді. Мағжанмен бірге, соның жүргегінде өмір сүре бастайды. Немістің Шенглері мен орыстың Соловьеві секілді философтарды да Мағжан түсінуге тырысады, солардың әлдебір ойлары, ұғынық тылсым толғаныстары бұның жаңына әсер етті.

1916 жылғы маусым айындағы патша жарлығы бұрын ескерге алынуды білмеген казактарға аспан айналып жерге түсекіндей, дүние төңкерілгендей әсер етті. Жұрт нағыз қызылакқа түсекінші енді гана білгендей болды. Бар ауырталық Сайғұс кедейге түсті. Мындалан жас әшелонға тиеліп, көз ғөріп, құлақ естімеген атыс қырларға аттанды, соғыстың қалды ауызына жөнелді. Осы оқиғалардың әсерінен Мағжан «Орамал» атты өлецін жазды:

Солдата сымдай киініп,
Шекпені оның сұр ма екен?
Күрегінс сүйеніп,
Суыкта жаурап тұр ма екен?

Жатқан шығар оп қазып,
Жауға ма әлде өзіне?
Бұрыла алмай бой жазып,

Қайғы шығып жүзінен,—дел соғыска сүйгсн жа
рын аттаңсырып, артынан күтіп қалған жас келіншек бо
лып сөйлейді.

1917 жылғы акпан революциясы казак оқиғандары үшін аса қуанышты оқиға болды. Мәңгі мызығымастай көрінген патша өкіметінің құлауы қазактарды тағы бір дүр сілкіндірді. Мағжан да басқа ақындар сиякты бұл оқиғаны қуанышпен карсы алды. Нагыз таң атты деңесеңтеген Мағжан 1917 жылдың көктем —жаз айларында құрылған «Алаш» партиясы басшыларының Қазақстан Россия Федерациясы 1918-жылғы автономия алуы тиіс, құрылтай жиналтысынан жер мәселеcінің қайта, әділетті шешілуін сұрануымыз керек деген ұранына елтікте. «Алаштың» құрылтай съезінде Мағжан оку комиссиясына мүше болып сайланды.

Акпан өзгерісінен кейін Мағжан өлеңнің көбін елге арнаш жазатын болды... Элеумет мұнкин колға алғаниаш бері, Мағжанның алатын қаһармандары: Абылай, Кенесары, Сыздық, Аксак Темір, Қоркыт, Койлышбаев, Баян сықылды хандар

жетілдірілгендер, ақындар болса да, ақынның ізгі мақсаты көрінбейтінде, енді ол елдің үәкілі, елдің аузымен сөйлейді. Енді Азамат міндеттін көрсетеді... Азаматка ұран салады. Ханкка қызметке шакырады,—дегілді Жусупбек Аймауытов 1923 жылы Гашкент студенттеріне Магжаниң ақындығын оқыған лекциясында

Азамат, анау казак қаным десен,
Ұжмактың сұны апар жаным десен.
Болмаса ібіліс бол да у алып бар,
Гоктатам, тұншықтырам зарын десен.

Азамат болсаң қазағына пайда тигіз, өйтпесеп «ібілессін»
ден, сұыр міндет артады. Азаматка сұны тағады. Қазак азаматы
саясат жүзінде пікірі шынықнан бата екенин көре-
ні, белгілі пікір, жол тұтына алмай, бас қамын ойлаң, боя-
нып жүрген кейір азаматтарды сөгеді:

«Біреуіне» сен тәңірім деп табынал,
«Біреуіне» мен құлтың деп бағынал,
«Біреуіне» садака бер деп жыланад,
«Біреуіне» құйрық болып тағылад.
Ылғи сорты сағым қуып сабылад
Ылғи түссең бір сұр нәрсе жамылад.
Қазағы —көй, артынан оның ағылад
Азаматка конактық көй табылад.

Қазак көй сықылды, кім бастаса еоган ере береді, қазакта
білім, сана, әлеуметшілік, жұртшылық сезім жоқ. Сол қа-
закқа «ұлық» болғанына мастанбай, шын жүргеңмен тура
бастап, адаптың кызмет ет дегені.

1917 жылы 24 жасында Магжан Омбының мұғалімдер
семинариясын алтын медальмен бітіреді...

Магжан 1917 жылы «Алаш» басшыларының өзіне тап-
сырган істерінен ешнәрсе өндіре алмады. Аз тана қазак оқы-
сантарының басы бірікпеді. Бірі мен бірі біліктікке таласты.
Лұрыры «Үш жүз» партиясы 1917 жылдың 19-күні
Магжанды абактыға жапты. Осы түрмеде отырып, Магжан
әйелі Зейнелке, ұлы Гражданга, шешесі Гүлсімге арналған
жапа басқа да бірнеше өлендер жазған. «Үш жүздің» түр-
мессінде Магжан 1918 жылдың май айына дейін отырган.
Ұлы Қазақ революциясы күндері ол—жазушы Шернияздан
Елеуkenovтың тілімен айтқанда—сахиада не болып не кой-
нип жатқанын түсінбеген көрермен халин кешеді. Түрмеден
ол Челословак лапы кезінде босайды.

Абактыдан шығысымен ол ауылды сағалайды. Сол 1918 жылдың аяқ шенінде қызынын каш тәмған көлчак үкіметі дүрілдеді. Адмирал «Алаш Орда» үкіметін дегенде мойындаады. Казак автономиясы деген сөзді естігісі де келмедин. Елдің бостандық деген үміті құлтаулкан болды. Казак басына түскен жаңа касіретті Мағжан жаңы құйзеле отырып мойындаады. Міне осы кезден бастап М. Жұмабаев бұрынғы біраз теріс көзкарасына айнады. Оның бір үлкен делелі Мағжаниң өзі Ташкентте шыккан өлеңдер жинағында ариайы сілтеме жасап, 1918 жылы «Сібірде реакция дауірінде жазылды» деген «Бостандық» атты өлеңі. Бұл кезде Мағжан Қызылжарда екі жылдық педагогік курсқа жетекшілік етеді.

Көлчак қуылып, үкімет тізгінін большевиктер партиясы алғаннан соң «Алаш» үкіметі таратылады. 1919 жылғы 4-ши сәуірде Бүкілодактық атқару комитеті (ВІЦНІК) «Алаш орда» партиясының басшытарына кешірім жариялады. «Алаш» партиясының басшытарының бірі Ахмет Байтұрсынов РКП (Б) катарына кіріп, Орынборда сыйланған алғашқы казак үкіметінің мүшесі, оку-ағарту халық комиссары болады. Элихан Бекейханов Москваға қызметке шакырылады. Мағжан Жұмабаев Ақмола губерниялық «Бостандық туы» газегін редактор болып тағайындалады.

Мағжан жаңа өмірге белсene араласады. Өлең-жырмен шектеліп қалмай, өмірдің әр саласын қамтитын макалалар жазаты. «Бостандық туы» газетінде оның «Бірінші май» мейрамы, «Сайлау», «Жазылашак» оку күралдары һәм мектебіміз» г. б. макалалары жарық көреді.

Сонымен катар сол кезде Қызылжарда казак-татар жастарына ариалған «Қазак-татар клубы» жұмыс істейді. Оны үйымдастырушылардың бірі Мағжан болады. Мағжан осы клубта жиналған жастарға өзінің өлеңдерін оқиды. Клуб жұмысына жазушы Мәжіт Даuletbaev, Осипан Қашаганов, Тауық Бердікожин, Жәмшіт Нұрмұхамбетов және қыздардан Хадиша **Жаналдикова**, Зылиха Серкебаева (Ермек Серкебаевтың шешесі), Эмина Қуанышева, Жамал Бақиширова (Сырғабековтың эйелі), Гүлшара Жалтырова, Эмина Нұрымова, Жамал Тастанғирова, Мағжаниң болашак жұбайы Зытика т. б. белсene катысады.

1921 жылы Мағжан Қекшетауға келіп Бурабай төңірегін аралайды. Осы жолы ол Ақан серінің өмір тарихына ма-

орнадар жинап, «Оқ жетпестің киясында» деген поэма-
ны жазады.

1922 жылы Мағжанның «Шолпаннан» (1912ж) кейінгі ек-
ониң өлеңдер жинағы Қазан қаласында басылып шығады.
Сол жылы Орынборда «Педагогика» деген еңбекі жарық
корсеті.

Сол 1922 жылы Мағжан белгілі казак совет қайраткері
Назір Төрекұловтың шақыруымен Ташкентке коныс аулара
да, Ташкентте ол өзінің жаңа косыған жұбайы Зылхана-
мен бірде келеді.

Ташкентте ол оқу-ағарту наркомы Сұлтанбек Кожанов-
ның көмегімен қазак оқу-ағарту институтына оқытушы бо-
нып орналасады әрі қазақ-қырғыз гылыми білім комис-
сиясына мүше болып сайланады. Сонымен катар ол Түр-
кестан Компартиясы Орталық Комитетіндегі органды «Ақ жол»
газетіндегі істейді және Ташкентте сол кезде шығып тұрған
«Шолпан», «Сана» журналдарының жұмысына да белсene
араласады.

Бұл фактілер М. Жұмабаевқа сол кездегі совет үкіметі
орындарының үлкен сенім көрсеткеніндей аңгартады. Осы-
ның бәріне ақынның көnlі көтеріліп, шаббыты тасыды. Таш-
кентте Мағжан бірінші рет жүзбе-жүз Мұхтар Әуезовпен
тапсысады.

1920-1927 жылдары Мағжан Жұмабаев творчествосы ең
шырқау бнігіне көтеріледі. Атакты «Батыр Баян» поэмасы
оны Ташкент қаласында дүниеге келді. Осында Түркістан
мен Сыр циклдары жазылды. Ақан сері, Базар жырау Әу-
бекір Диваев туралы мақалалары жарыққа шықты. Осы
кезде оның Қольцовтан, Горькийден, Лермонтовтан, Гетеден,
Феттен, Мамин—Сибиряктан т. б. жасаған аудармалары,
әртүрлі педагогикалық еңбектері жарық көрді. 1923 жылы
Ташкентте оның үшінші өлеңдер жинағы басылып шықты.

Мағжан жаңа өмір көшіне 1924 жылы «Ақ жол» газетін-
де басылып шықкан «Қызыл жалау» өлеңін тудай желбіретіп
косылды.

—«Жалынды жалау кімдікі?»

—«Тұрагы тарғыл тас қия

Арбандаған Ағия—

Жалынды жалау сонікі—

Ендеше, қазак, сенікі!...»

- Кашы жас жалау кімдікі?»
 —«Кімнің ұлы құл болса,
 Тұлымдысы тұл болеа,
 Қашы жас жалау сонықі,—
 Ендеше, казак, сенікі!»
- Азаттық жалау кімдікі?»
 —«Көрс алмаса кім тәндік,
 Тепкі көрсе кім кемдік,
 Азаттық жалау сонықі.—
 Ендеше, казак, сенікі!»

Магжан жаңа өмір өркендеріне шын жүректен қуанды. «Жердің жұмырлығы», «Алатай», «Оқудағы карында» т. б. өлеңдерінде ол ауылдағы жаксылық, жаңалыктарды жығлады.

Осы жылдардың шуағында Магжан балалар үшін әдемі өлеңдерді өндіре жазды. Революция тақырыбына. «Өтірік ертек», «Шын ертек» («Жүсіп хан») поэмаларын туғызды. Магжан етектен тартқан ескілікті шенеді. Жананы тек жапалығы үшін гөпеп мактай берген жок, оған да сын көзбен қаралы. Ол сонау 20-шы жылдары экологиялық мәселені көтерді. Қаланың демалысы, от-тұтін жайын сынады. Кеп сахараның жұпар исіп сактаи калуға шакырды. Экологиялық мәселені бік моральдық, адамгершілік категория өренине көтерген жазушы ол кездे кемде-кем екенін ескерсек, Магжаның ақындық жүргегінің алғырлығына бас несін.

20-шы жылдары Магжан сол кездегі өмірді жырлап койған жок. Ол сонымен бірге, өткен күн өрнектерін естен кеттес ертек етпі тамылжытып, тарихтың тар жол, тайғак кешүлерінде тайсалмай алаштың ала туын көтерген хан Абылай, батыр Баян, күрделі Қенесарыларды аялап, аскактата жырлады. Ол бұған неге барды? Мұның басты себебі— акын 20-шы жылдары бастап кешкен аласапыран заман сипатында жақканы күмәнсіз. Сол себепті де ол «Батыр баян» дастанында:

«Жүрегім, мен зарлымын жараптыға,
 Сүм өмір абакты гай санаалыға.
 Қызыл тіл колым емес, кісендеулі,
 Сондыктан жаным күйін жапады да.
 Қызыл тіл, колым емес кісендеулі,
 Ку өмір қызығы жок кажыткан соң,
 Толғанып қарауым сол баяғыға», — дег жазып еді.

Алған Матжан отаршылдық езгі мен наадандыктың темір-тұрақтыңда, азаматтық соғыстың алапатында қырышып, күрін бара жаткан алашы үшін арыстан Абылай мен батыр Есіптарды үлгі етеді. Халқы тап болған тығырыктан шыгар етіп срілкүресте, тәуелсіздікте, туыскан халықтардың біннингде дең біледі. Ол құданушы Ресейге, қапқұлы патшыға карсы шыккан Кенесарыны, оның баласы Сыздыкты соғыстап да ағыл-тегіл жалын жыр құдышетімен ел үшін спорған ерге айналдырып жібереді. Бірак ол бәрібір алғынан, алдаңдыктың ак жібін аттамайды, халықтар достығы арнысынан танбайды. Яғни ол: «Ок жетпестің киясын...» Мынау орыс—обыр ол емін жаткан,—десе, онын сүт кейінкірі—жаулаушы, мылтықты зорлықшының бейбіт орын халқына түк катысы жоктығын дәлелден жатудың калекті шамалы.

Ішінде ол: «Біле алмай наадандыкпен ердің ойын,

Сорлы қыргыз мерт қылды арыстанды», — десе, мұнда азакының ойында бауырлас халықты мұқату жок, зұлмат жауга, батыстан қантап келе жаткан жара бұлт—қауішке бірігін карсы тұруды ойламаған көс халықтың көрсекшілігіна күйініп отыр. Өйткені «көп ерлер жаумен бірге елін аланкан» казактың өз арасында да қантап жүр гой.

Болтып жаткан шытырман, кайшылықты өмір шындығына көзің і толмаган ақын казак ескілігінен рухына медет боларлық мысал іздеді. Соңда оның ойына XVIII ғасырда конғар жаулаушыларына карсы еллі бастап, ерлік көрестекен батырлар Бөгөнбай, Кабанбай, Жәнібек, би Казыбек, Нан Абылай есімдері түседі. Ақын олардың заманында ел үйткесі бола білгенін казак халқының тәуелсіздігі үшін жаш аямай күрескенін маңақ етеді. Тарихтың айбыны, нұрны беттерін парактайды:

«Еділ, Жайық, Сырдария,
Белгілі жұртқа ескі су.
Тәтті, дәмді, тартымды.
Ұзын Ертіс, Жетісу.
Осы бес су арасы,
Сарыарқа деген жер еді.
Тұның өскен баласы
Айбынды Алаш дер елі...»

Ақынның ұғымында «алаш» деген сөз казак елінің екінші аты, «Алты алаш», «алаштың баласы», «атамыз алаш» 15-

різді тіркестер сөздік корымында сакталып келіү бұл атау даңы халыққа ежелден қаныкты екенін көрсетеді.

Мағжан казак халқының бакытка жетер жолы тек ұлттық тәуелсіздікке, өз тағдырын өзі шешстің жағдайга жету дең біледі. Онын ергедегі ерлер істеріне қайта оралып келе беретін себебі осыдан.

Күніреніп ойтағанда Алаш жайын
Жанымды олай берді ұлы уайым
Кеудеме күннің нұры толғаңдай бол
Жырлаймын алты алаштың Абылайын...
Арсыға асқандаймын тауап қылсаң,
Қебедей Абылайдың Бурабайын.
Күніренген жырымменен мес ризамын
Алаштың жоқтай білсем Баяп—аїны.
Жырлаймын, күніренемін өткенді ойлан,

Кеудеме ұлы уайым толғаң сайын,—дең голғаңады Мағжан «Батыр Баянда».

1923 жылы Мағжан Ташкенттегі қазак гылыми білім комиссиясының жолдауымен Москвада жана ашылған әдеби-көркемөнер институтына оқуға түседі. Эрі Ағарту халық комиссары Луначарскийдің шакыруымен астанадағы Күн шығыс еңбекшілерінің университетінде сабак береді. Сонымен катар Нәзір Төрекұлов басқарып отырған күншығыс баспасында редактор болып қызмет істейді. Москвада болған 3,5 жылда Мағжан орыс және Батыс Европа әдебиетін терең зерттеп оқиды. Әдебиет-көркемөнер институтының баскарушысы В. Я. Брюсовпен бірнеше мәрте кездесіп әнгімелеседі. Брюсов та Мағжан өлеңдерімен танысады, ол Мағжанды «Қазактың Пушкині» дег, әрине, тегін айтнаған. Мағжан сонымен катар ағылшын тіліндегі, неміс тіліндегі мықты ақындардың жазу машығымен, ойлау, ырғак табу жүйесімен егжей-тегжейді танысады. Луначарскиймен бірнеше рет кездесіп пікірлеседі. Ерте уақытта өткен Бердяев, Соловьев секілді киялышын философтардың көзқарасымен танысып, өзінің ойлау шенберін, шеберлік жолындағы ізденістерін әрі соны, әрі күрделі жолға салып алады.

Күншығыс еңбекшілері университетінің қасында ашылған «Жерлестік» атты студенттер үйімінен 1924 жылғы қарашаның 24-і күні аяқ астынан жиналасы болады. Оған Москвада оқып жүрген 60-шақты жастар катынасады. Не бол қалды десе—М. Жұмабаевтың 1923 жылы Ташкентте шыққан өлеңдер жинағын талқылау керек екен.

Жиналыштың ақын позициясын әділ талдау үшін шакырылғанашы, көріне пәле іздеуге жиналғаны бірден сезілді. Жиналышка жинақтың авторы —сол кездे Москвада тұрады. Мағжан ақын катыстырылмауы. Баяндамашы Нәзір Есімов Мағжанды салған жерден каралай жөпелді. Жиналыш: «Мағжан өлеңдерінің көбінде өткенде көкссейді, ескілік деңгейді, ұлтшылдықты жырлайды, өзіміштілдік, меммендікті деңгейді»—деген сындар айтып, Мағжанның өлеңдері бүгін бытадай... газет, журнал бетіне тексеруесіз басылмасы»—деп қаулы қабылдайды: Сол кездегі «Еңбекші казак» газетіне жаңағы Мағжан кітабы туралы «Жерлестік» жиналыштың сеебінен бастап жыл бойы (1925 ж) Мағжанға орында материалдар жарияланады. Сөйгіл, күлдікемеш түшірім көріне заңдастырылады. Осы кезден бастап ақынның III басшылары Мағжанға қарсы үйімдасқан түрде қалбуыл бастайды. Құлаш-құлаш мақалалар жазылып, оған ғондырылсыц, түрікшілсін, байшылсыц, өзімішлесін деген айып дағыла береді. «Қазағым» деп жазса—ұлтшыл, «елім-турғым» деп жазса—түрікшіл, «Жалынын мен, келме жағын, жанаресың»—десе—өзімшіл, меммен деген айдарлар таңытады.

Шілде осындай жағдайда 1927 жылы жазда Мағжан Москвадағы оқуын бітіреді. Ол Қазакстан астанасына келтісі кеңири болады. Сол кездегі Республика партия үйімінің басшысы Ф. Н. Голощекинге хат жазады. Ол хатты тексеріс органдарына жібереді. Ондағылар бұл алаш партиясының белсенді түшесі, ұлтшыл, байшыл деп сыйырлайды. Мағжанға ешкандай жауап бармайды. Мағжан өз туган жеріне Қызылордага келіп орын іздейді. Мұнда ол совет-партия мектебі мен казак педагогикалық техникумында атма кезек дәріс серіп жүреді.

Сол 1927 жылы 17 тамызда «Еңбекші казак» газетінде Мағжанның «Токсаның тобы» атты шағын поэмасы басылған шығалы. Бұған дейін Мағжан өлеңдерінде қазақты тапташа болмайды. Ол өлеңдерінде барлық қазак ұлтына аны ашип, барлық казакты отаршылдыққа қарсы күреске шакыратын. Москвада 3,5 жыл болып келген Мағжан совет үкіметінің ынғайына көшіп халықтың көпшілігін құрайтын кедейлер жағын колдайтынын білдіреді. Бұл поэмада Мағжан оларды 90 деп, азынаулақ байларды онға тендейді.

Жырлатым елді жалпылан,
Жасырман жүзді жакталым,
Токсанға енді тоқталым,
Толғанып, ойтап, талқылан...
Токсаннан сонау он аулак,
Сонау оннан мен аулак,

Мен токсанимен біргемін»—деген сөздері біркатарап шыныдекты көрсетеді. Саяси бетін түзен алған Мағжан творчествосының жаңа бетін ашты. Бірақ тағдыры бұл беталысымен қалам тартуга жазбады. Ел басын сталинизмнің кара бұлты торғай бастады. Оның көлеңкесі алдымен халқымызың Мағжан сының мәндай алды боздактарына түсті.

Баска пәне кайдан дерің бар ма? Ол Москвада оқып жүргендегі «Алқа» деген әдеби үйірме үйімдастырыған болатын. Бұл 1925-ші жыл еді. Содан төрт жыл өткен соң осы үйім «конгрреволюция үясы» болып шыға келді. Сол жаламен Мағжан 1929 жылы шілденің басында Қызылжар қаласында тұтқындалып, олар Алматыға, Алматыдан Москва қатасындағы атақты «Бутырқа» түрмесіне камалады. Онда біраз тергелін, ақыры он жылға концлагерге кесіліп Қарелия орманндарына айдалады. Мағжан ұлтшыл, байшыл, жат, еңбекші халыққа жау деген атактар жиналады. Мұндай пәндердің Жабылты Мағжанға онай соккан жок. Бұл оған енді басар жер, барада тауың қалған жоқ дегенимен бірдей еді.

Баскасын былай койғанда «Токсанның тобы» мен «Толғау» сияқты соңғы шығармалары да мансұктады. Бұларды «бояма» атады. Боямалары казақ байының өліп бара жатқанын сипаттайды дөлінді.

Сол кездегі Казакстан өлкестік партия үйімінің бірінші басшысы Голошекин Мағжанды орыстың сменоөхөвшіл жазушыларының катарына косып аластауға тырысты. 1927 жылғы қараша айында болған өлкестік партия үйімінің Бүкілказакстандық VI Конференциясында Голошекин былай деген:

«Еске интелигенцияның арасында сменоөхөвшіларды еске түсіретін қозғалыс бар. Сіздер Жұмабаевтың «Токсан» жөніндегі әйгілі өлеңін білетін шығарсыздар, ол өзі токсан жағында болғандықтан токсан туралы жазады. Ал көпшілік бұл сан шынайы екен де алданып қалады. Олар жүз дең сіл, жеңітіп қалды, енді токсан дең күшіренуде. Бізге жаксы істерімен келсе аркасынан қағамыз, атайда токсанды басқалардың коллауы жақет екенін аңғарту үшін біз арка-

«Ал сипап кана коймай, бір мезгіл соккыға да жығып ала-
мыс» («Советская степь», 1927 ж. 21-карашы).

Бұл сездерден ұтатының —сол кездегі запсыздықтың шегі
соккығы. Голоцекин секілді жарты патшалар жергілікті
керде «халыктар көсемінен» кем түснегеи. Ол «соккыға
шығам» деп әрекет етсөн таяғын ала жүгіретін әдеттін еш жа-
намайды. Мұндайтар басқа халықтың аяулысын кайтсын.

Голоцекин айғайы акыры Магжан Жұмабаев, Ахмет Бай-
ұрынов, Жүсілбек Аймауытов, Міржакып Дұлатов сиякты
шаштың зиялы азаматтарына кара іштед болып жабысты.
Ондар шетінен ұсталған бастады.

Совет тақырыбына беттеуге жолы кесілген Магжан өзінің
сол уақыттағы түйікка тірелген жайын 1929 жылы абакты-
ны тереуешіге берген жауабында былай сипаттайды:

...К моему несчастью, я жестоко был отвергнут тогдашними
погододелателями в казахской литературе, в последствии
оказавшимися настоящими подлецами... Меня буквально
парализовала поднятая этой кучкой в печати компания...»

Әйтседе Магжан зауал шағым туды деп жүнжігел жок.
Інендей, -күресті. Түбінде әділет жеңетініне сеніл. Солай бо-
лалы да. Алыстағы Карелия лагерінен Магжан әйелі Зыли-
ә арқылы Максим Горькийге хат жолдайды. Сөйтіш ұлы
тұманнист жазушының және оның әйелі Е. Пешкованың кө-
мерімен Магжан 1936 жылы камаудан мерзімінен бұрын бо-
санып шығады.

Абактыдан босанып елге келген соң Магжан Қызылжар ка-
ласындағы Пушкин атындағы № 5 орыс орталau мектебін-
де орыс тілі мен әдебиетінен сабак береді. Магжаниң са-
багы жөнінде сол мектепте аз уақыт Магжаннан дәріс ал-
ған сол кездегі Магжаниң оқушысы, социнаң көп жылдар
өзі де мұгалім болған казіргі кездे зейнеткер Татьяна Пав-
ловна Нетесова былай дейді:

«...Когда Магжан Бекенович в первый раз вошел в наш
класс на урок, мы невольно засомневались, сможет ли он
вести на соответствующем уровне уроки русского языка и
литературы? Но уже после первого занятия все сомнения
рассеялись, а после нескольких уроков мы просто полюбили
нового учителя...» («Ленинское знамя» 29 июня 1990 г.
Т. Нетесов «Учитель! Именем твоим»).

Бұнымен бірге Магжан педагогикумда да сабак береді.
Ақын шының көңілден «Социалистік еңбек елінен» қызмет ет-

пекке барын салады. Осы ииетімен не күн туса да айнымаймын деп «Қаламына», «Жамбылға» деген өлеңдер жазады. Бірак НКВД маза бермеген соң, Мағжан Алматыдағы Қазақстан жазушылар одагын басқарып отырған Сәбит Мұқановка жағдайын айтты хат жазған. Ұлы акының акырығы тілегі болғандай бұл хат мынадай:

«Құрметті жолдасым Сәбит!

Сіз мениң Петровниковскідегі орыс мектебінде орыс тілі мен әдебиеті пәннен сабак беріп жүргенімнен хабардар боларсыз. Яңварьдың басында мені қызметімнен босату туралы мәселе козғалғанымен де, біраз уақытқа басылып калған еді. Бірак яңварьдың соңында бұл жай тағы әнгіме болды да, мені жұмыстан шығарып жіберді. Не себепті босатылғанымды сұрасам, калалық оқу ісінің мемгерушісі, жалпы саяси себептерге байланысты дегенді айтты. Міне 20 шакты күн болды жұмыссыз отырмын... Ол жақтан мен өте күни халде оралдым. Әсіресе, жұмыссыздығым жаңыма жаман батады.

Мен Қазақстаниң жаңа жолға түскенімді өзімнің қалам құшіммен көрсетсем деген жағызы тілекпен оралдым. Қалай болғанда да орталыққа жетуім керек деген шештім. Егер жоғарға қаражат тапсам, орталыққа баруды ойлап отырмын. Әрине, өз халімнің мүшкілдігін айта отырып, Сізді де бірдемеге міндеттегім келмейді. Сізге осылай жазуға көзірігі халім мәжбүр етіп отыр. Кешіріңіз. Бұл хатты қыдырып келген туыстарым жақтан, Степняктан жазып отырмын.

Құрметпен Мағжан. 20 февраль. 1937 жыл».

Қасиrettі хат екенін, уақыт ызғарын сездіретін хат екенін өздерініз де байқап отырсыздар. Бұл хатқа Сәбен Мағжанға Алматыға келініз деп жауап кайтарған.

Сөйтіп, 1937 жылдың март айында Алматыға келген Мағжанды Сәбит Мұқанов өзі жападаш жағызы карсы алады. Ол жөнінде. «Қазақ әйелдері» журналындағы естелігіндегі Мағжаның зияйбы Зылиха жазды. Сол күні Мағжан мен Зылиха Сәкен Сейфуллиннің үйінде конақ болады. Сәкен сол жылы 24 сентябрь күні тұтқындалды, ал «Сәбит өзінің катедерін мойнына әлі толық алтып болған жок» деп тапқаптан кейін З қазанда Қазақстан жазушылар одагы төрагағынан босатылып, көп кешікпей партиядан шығарылды. Соңда Сәкен мен Сәбитке ашық койылған айып—Мағжан Жұмабаевты канаттарының астына атып, байышыл—ұлт-

— ормен ауыз жаласуларын коймай келеді! — деген жаңа орнататын.

Мағжан Алматыға келгенмен ешкандай жұмысқа орналса алмай көп киыншылық көреді. Бұрынғы таныс жолдастарының көбі одан ат-тонын ала қашады. Өйткені бұл 1937 жыл еді. Ақыры сол 1937 жылдың 28-ші декабрінде Мағжан ежовышлардың қанды шенгеліне түсті. Бұл жоғарғашалдайтын кісі табылады. НКВД-ның 1938 жылғы 11 февральдегі № 377 іс хаттамасында жалғыз ауыз сөз анынан: «Мағжан Жұмабаев қытмысты істер кодексінің 8 статясының 7, 8, 10, 11-баптары бойынша қытмыстың табылып ату жазасына кесілсең!».

Мағжанды Жапон шпионы деп айыптаған. Бірақ Сталиниң темір наркомының жеңдегтері ақынының «Жапон жансыма екенін «мойындаған».

Мағжанды соңғы рет 1938 жылғы 20 февральде тергеген, төрлеу хаттамасына қол койғызып алған. Ал, ату туралы дәлім 11 февральда, яғни сотка дейін, ак қарасын айырадылу деген тергеу ісінен аттай 9 күн бұрын шығарылып, әзірленіп қойылған. Яғни, тергеу аяқталмай тұрып үкім шыққан. Екіншіден, Мағжан Жұмабаевтың ісі я сотта, я болмаса үштік мәжілісінде қаралмасты. Іс құжатының соңына тәлдегі кағаз тіркелген—бұл атылу туралы акт:

«Мағжан Жұмабаев Бекенұлы, № 377 хаттаманың қауысы бойынша үкім жүзеге асты. 1938 жылғы 19 марта (тылды), — дедінген. Кіші лейтенант Гайковичтің колы.

Сөйтіп Мағжан Жұмабаевтың өмірі 45 жасқа жетпей қылған. Ал оның шығармашылық (творчестволық) өмірі өлмек емес. Мағжан творчествосы казір өз халқына кайта оралды.

МАҒЖАННЫҢ АҚЫНДЫҚ ШЕБЕРЛІГІ

Мағжанның ақындығын сөз еткенде, алдымен Жұсіпбек Аймауытовтың 1923 жылы айтқан мына пікірлерін есте ұстаған жөн:

«Мағжан—сыршылдығымен, суретшілдігімен, сөзге еркінлігімен, ғапқыштығымен күшті, маржандай тізілген, торғындаид үлбіреген нәзік үнді күйімен, шерлі, мұнды зарымен күшті. Мағжан—алдымен сыршыл ақып. Мағжан сөзінде «тілге жұмсак, жүрекке жылы тиетін» үлбіреген нәзік өуез казактың бұрынғы ақындарында болған емес. Ол жү-

ректің көбізын шерте біледі, оның жүргінен жас пен қаны аралас шыккан тәтті сөздері өзгегін жүргегіне тәтті у себеді. Мағжан не жазса да сырты, көркем, сөнді жазады. Оқушының жүргінен әсәр ете алмайтын күргак өлеңді, жабайы жырды Мағжанин таба алмайсыз. Ол табиғатты суреттей ме, әйелді жаза ма, тарихи адамдарды ала ма, ертегі айта ма, ұран сала ма — бәрінде де ақының ойлағаны, сезгені, жүргінің кайғыруы, жанының күйзелуі, көзінің кірбені көрініп тұрады. Кай өлеңін оқысан да, не ақынмен, не өз жүргінмен, не ел жүргімен сырласқандай боласын. Ақынның өзі көрінбейтін өлеңдерін оқысанызы да, ерікіз бір сезім тұғызады. Әлде өкіндіреді, әлде мұнайтады, әлде аятқызады, әлде есіркегеді, әлде жігер береді.

Шег батса кім ізлемес тұған елін?
Тұмар да көзdemей ме тұған жерін.
Арқапың ардагері қалып алаш!
Тұран да біле білсең, сенің жерін. —

деген тәрізді сөздер ерікіз бір сезімді гудырады. Ауыз толатын айбынды аскак сөз Мағжанин шығады. Оның сөздері жүректі қызықтал, жыбырлатып қана коймайды, тубімен суырып мейіріңді қандырады. Еркін балуан кан майдан да жарық еткізіп шалып сокқанда, «Па, сабаз-ай!» деп отырган жүрттың айызы қанбай ма? Қеіде Мағжан желдетіп, бір сөзінен бір сөзін асырып, түйдек-түйдегімен тастап кеткенде, сен де «Па, сабаз-ай!» дегің келеді.

Суретті, кестеті, көркем сөз Мағжанин табылады. Мағжанды ақындық жағынан сөзсіз суретші деп айтуда болады. Суретшілік жағынан Мағжанды Пушкинге теңеуге ауыз баралды. Міне ашуланған батырдың суреті:

Тұкті қабак жауып түскен көзіне
Ұшқын шашып, от ойнап тұр көзінде.
Кырлы мұрын, қырмызы ерін, кап-қара
Тікенектей түк шығып тұр жүзіне.
Міне Қоқшетаудың суреті:
Қоқшоні күндіз, түнде мұнар басқан,
Кап-қара бұлтарменен құшактасқан.
Алдында бүйра жалды Бөлек тау тұр
Қоқшеге косылмакка койнын ашкан.
Мөн-мөлдір дәп-дәңгелек көл ортада,
Жел ойнап, ак бетіне меруерт шашқан.

Мұндай айқын сурет казақ ақындарында болып көрген жок... Мұндай суреттер толын жатыр... Басқа жүрт өз өнер-

настарымен мактанса, казак әдебиеті де бір кезде суретшілік жөнінен Магжанымен мактанауыла сез жок». Жүсіпбеков бұл сезі аскан көрегендікпен айтылғанын каліргі кез келгендең отыр. Біз калір Магжанымен бүкіл дүние жүзіне мактана аламыз!

Одан орын Ж. Аймауытов:

Казак әдебиетіне Магжаның кіргізген жараптығы аз емес, орыстың символизмін (бейнешілдігін) казакқа аударып, өлеңді күйге (музыкаға) айналдырып, дыбыстан сурет түрнізды, сезге жан бітірді, жаңа өлшеулер шыгарды. Романтизмді қүшептті, тілді ұстартты.

«Магжан нәзік сезімнің, тәтті киялдың акыны, ол кедейшіл акыны емес, ұлт акыны».

Ақын жаңын ұга білген адам осының бәрі анық, осының бәрі ақиқат, кисынды дүние дер еді. Егерки нақ осылайша сезінбесе Магжан Жұмабаев болмауы да гажап еді. Бірақ, табиғат Магжанға сыйлаған осындай пафос, ерлік, ерлік оның жүргегінен дауылды жыр болып, пәрменділік әлеміне алып барады. Жалпы ақындардың осылайша өршіп, шалқып кетуі тегін емес. Мысалы Ұлы Пушкин «Ескерткіш»— елеңіндегі өзіне жырмен ескерткіш оринатқашын, сол ескерткіштің Александр патша мұсінінен де биіктеп кеткенін, болашақта мен туралы дәріп, мактау, мадақ сөз бар әлемге тарайды. Мені түптің түбінде славян да, тунгус та, қалмак та аузынан тастамайды!» деп көрегендік жасаса—мұны оған ақындық болмысы мен сәуегейлігі итермелеп отыр дегу керек. Ендеше, Магжан да өзінің Күн екендігін, Тәңір екендігін казак жұртына тайға таңба басқандай танытып-ак іеткен. Және де мұны айтқанда Магжан отызга да жетпеген екен. Біздіңшіе айтқанда балаң ақынның жас шамасы. Алайда Магжан сол кездің өзінде калыптасын, пісін, жегілгені анық сезіледі. Демек, бұл да оның ақындық ла-рындылығының табиги заңдылығы.

Магжаның тамаша өлеңдерінің бірі—«Жан сөзі». Оның бұл өлеңі жынырма алты жасында жазылғаны жырдағы «Енді бір ай жынырма жеті жасқа келем» деген жолынан-ак аңғарылады. Ақын осы жынында лирикалық сұлулықпен бүкіл тағдырына саяхат жасайды. Өзіне өзі нақақ қүйген кездерін де, жоқтан төгіткен көз жасын да, сағышында жоқшылық пен оғаштықта, оқшаулықта өткен жылдарына өкінішпен жазғандай болады осы жырды. Осы «Жан сөзі» жыры ақынның бүкіл адами ақындық тұлғасының таразысы іспетті көрінеді. Бұл жырда ақынның романтикалық, серпінді шағынан тәрі басына пәннедешіліктің кара бұлты үйрілген, достан құрып, үшпан құліп, жер болған, жанары төменшік тартқаң, желкенін жел кермеген, шабыты суалған шағында нақ үсталатын 1929 жылғы кезіндегі сыры атойлайды. Өлеңімен өзінсөзі сұрак, жауап апкетасын беріп, ақын:

Дарига, сол күндерде күнің караң,
Қазак елім, бір ауыз сөзім саган.
Болғайсың, сыншы болсаң, әділ сыйниш,
Кінені жүрекке кой, койма маган!

Мені атама, бұл жүрек —жыныды дерсің,
Үмтұлған аламын деп Күнді дерсің.
«Сүйіп-күліп, күйіп—көз жасын төгің,
Жыныды жүрек өлді де тынды!» дерсің,— деп.
Сілгендей болса—оның бұл соңғы сөзі, елімен, жұртымен
коштаусы сөзі деп білген жөн осы өлеңді. Бұл жыры—акының
ың болашаққа, мына казіргі заман жұртына ариауы деп
бағатанса құба-құп!

Мағжан лирикасындағы ендігі бір ерекше жазылған
жыр—«Мені де, өлім, әлдилем» Үрдіс, мүсіндеуі жағынан
казак жырындағы өзге өлеңдерден өзгеше бұл жыр ішкі
композициясы белек, оқылуға жеңіл болғанымен ойы, мұ-
рат—максаты зіл—батпан, жаңынды езіп, көңілді құлазы-
ратын шымыр да шынышыл. Мағжан горыга отырып, үміт
ортады, үміттеге отырып торғады. Өзіне өзі сыр ашып,
әзімен тілдеседі, өлімге мұнын шағады. Адам басына бер-
мейтін бір ауыр мүң, шерлі арқалайды. Соңғы екі тармағы

«Мені де өлім, әлдилем,
Әлдилем, өлім, әлдилем!»

деп аяқталып отыратын осы жырдағы риторика төтті мүң-
ды киянкы қарсылықпен мазақ қылған акынның көңіл-
куйін анық ұқтырады.

Егер Мағжанның махаббат лирикасын айппасақ онда
Мағжанның асқан лирик екеніндігін айқытамағанымыз бол-
тар еді. Бұл тұрғыда Мағжан казактың сүйіспеншілік жыр-
дарына сара жолды салып бергені анық ақенома.

Сүйіспеншілік жырларын жазуда Мағжан алдына жап
салмаған тайпалған жүйрік екені оның осы тақырыптағы
кай өлеңнен болсын сезіледі. Бұл жөннен ол Абайдан да
сүйік тұр. Ол әйел затын ессең сүйіп, махаббат отына құла-
сіз, күмәнсіз беріле күйіп, сол ыстық сезімлі қызызы қашиа-
ған күйінде жып-жылы жырларымен кестелеп беретін та-
маша суреткер.

Махаббат сезімі осы уақытта атоілан, осы кезде шырын
сезім бірте-бірте күштейген ағынадай шымыр сезімге айналып
жүре береді. Пушкин де, Абай да махаббат лирикасын
беріле жазғаны айғакты. Бірі Аниа Керінге, бірі Төржанға

арнаган өлмес жырлар қалған. Мәғжан сезімін де осындаі мәңгілік жырлар жасалып, ғұмыртірлігі ұзақ болып кала береді. Мәғжанның махаббат лирикасы шыншыл, қазіргі кейір ақындардай бесігінен бүліни, бүлдіріп тастан, соны шатпактап өлеңге айналдырып жататын жасанды махаббат, жалған сезім емес, ақын шындығы екендігіне бағнесіц.

Келші, кезім, күш бетінді көрейін,
Сүйши, соулем, тұншығып мен өлеін.
Жет, жүлдізыым, жылжып кана жібектей,
Жұлдызы — жүзік, Айды—алқа ғын берейін.
Немесе «Сүй, жан—сәулем» өлеңіндегі:
Шашып—қара, дешен —ак бұлт, жүзін—Лій,
Тісіп меруерт, көзін—сәуле, құралай.
Ләззат, ракат, бакыт бәрі койнында
Сұрамаймын енді Ұжымак —жаксы жай!,
я болмаса «Гұлсім ханымға» өлеңіндегі:
«Бота көз, сиқырлы сөз, ханым Гұлсім,
Қектегі Құн күлмесін, Гұлсім күлсін.
Гұлсім —Күн, көкте ақырын жүзе білед—
Сүйдіріш, күйдіргенің қайдан білсін!

деген жолдардағы шолпы сыйдырындаі сезім, бұлак сұнындаі қоусар тазалық Мәғжан Гұлсіміне ескерткіш, махаббат мүсіні емес деп кім айтар! Гұлсім—Мәғжанның махаббат биігі, сүйіспеншілік пен сезімінің шыцы. Соңдықтан да осы—Гұлсім Қамалованы, оқыған, зиялы, әсем жанды, сұлу дидарлы перштені Мәғжанның Айна Қерні, Торжаны деп білеміз.

Осы айтылғандарға қайталап бір соқсақ, махаббат лирикасында Мәғжан өз топырагымыздан әрі асып, кез келген си дүр, ең жетілген, ең биік әдебиеттің қандай да үлкен дүр жыршысымен бәсекеге түсе алады.

Бұл жырларды Мәғжан ғүйе отыра көз жасын төгеді, сұлуға жан сырын актарады, өмір—тағдырынан елестерді айға тартады. Оның басынан өтіп жатқан түрлі оқиғалар осы сырлы сезімдерде ағытыла отыра мына біз сиякты оқырмандарына ақын тағдыры тап болған көзендерді көрсетеді. Міне, сонысымен де Мәғжан лирикасы шыншылдықтың биік шынарнандаі асқақ самғап, биіктен қол бұлғайды.

Сөз жок, Мәғжанның лирикалық күш-қуатын айфактап жазылған тамаша жырларын түгелімен сарапалап, оның ба-

ынан өткен ала күйин алудан сезімдерді тізіп шыгу мүмкін емес. Мағжан эшқалық құлашы кең де акын. Сонымен бірге сыршыл, оқиғаны суреттегіш, ауқымы, алымы кең тұлпар акын. Осының бәрі де оның жыртарында, дастандында төгіліп, тізіліп тұр.

Мағжан лирикасындағы тамаша сөз жүйріктігі, ғіл шешендірі, ой алғырылығы, кескіндеуші, кейіндеуші күш-куат— бәрі де осы бір шумакка жынып келіп күштің жақташай емес не?

Мағжан өзі еліктегіш акын еді. Оны Жүсіпбек Аймауытов иікін айғақтап береді. Мағжанаға еліктегендер қазір шынып жатса, бұл кесел емес, қуаныш, оны тану, оған табыну деп білген жөн. Сөз жок, Мағжан—казак жырының пайғамбары, ұлтың ұлы акыны. Ал пайғамбарға табыну, ұлыға қызығу әбес емес, әдемі сезім, бас шю, тәнті болу әрекеті. Ендеше мен де «Кенесары» дастанымды жазғанда Мағжанға еліктедім. Мағжан көзімен, Мағжан жүргімен сөйлегім белді. Алайда өз сезімімді, өз сөзімді айтуға талындым.

Осы ретте маған Мағжаниның «Оқжетпестің кіясында» атты дастаны ерекше қасиеттілігімен, аскай суретшілдігімен әсер, пәрменді ықпал еткенін қуаныштан жарияладынын. Ер Кененің срен тұлғасын мүсіндеу үшін бұдан аскай сабак, дәріс қажет емес еді. Мұнда Мағжаниның мактандыша да, мұны да, сыршылдығы да, сезімшілдігі де—камшының өріміндей жымдастып, көз жауын алып, жүректі тербен өрілген екен.

Көкшениң күндіз-түні мұнар басқан,
Кап-кара бұлттарменен құшактасқан.
Алтында бүйра жалды бөлек тау тұр
Көкшеге қосылмакқа койын ашқан.
Мөп-мөлдір дөп-дөңгелек көл ортада
Жел ойнап, ак бетінде меруерт шашқан.
Сол көлдің жағасында Оқжетпес бар
Жасаган мұнарадай күйип тастан!

Неткен гажап сыр, неткен жыр, сурет дейміз бе?! Әрине.

Ендеше осы бір суретшілдік тәсілге мен де бой үрдым. Мен ұлы Мағжанаға бас не отырып, оған срдім. От мені осы сезіммен жетектеп, жаңына ертіп жүрді. Маған «Былай жаз, әнадай кесте сал, мынадай бояу көс, былайша әрле, былайша кескінде!» деп үйретіп отырды.

Мен «Кенесарыда» асқан батырдың өмір жолын атасы Абылайдан бастап суреттесем де, оқтын-оқтын Мағжан әдісін колданып отырдым. Оныма куанбасам, өкілбеймін.

Көкшешің көзін ашып шырай таңы,
Сұлу күн Бурабайға сыр айтады.
Бас нің карагайтар Оқжетпеске
Өткен бір күндерді аңсан жыр айтады...
Ойнакшып Бурабайдың толқындары,
Гасырдың толқынындаи толқуда әлі.
Бетінде дауыл ойнап кеткешінде
Жоқтауын айтатындаи солқындауы.
Тентек жел күбылады мың күніне,
Шыкынган ызгарынаи мүң біліне.
Басына Көкшетаудың бұлт үйіріп
Енеді Кенекемшің үшіріне.
Копады Оқжетпеске қыран барып,
Кешегі өткен күннен сыр аңгарып.
Ойлаймын Кенекемдей ер бабамды,
Жылаймын, көпілімді қылам гаріп...

Мағжан жасқа да, жасамыска да өшеге болатын ұлы үстаз елени даусызы. Оған жетем деу, одан асам деу әурешілік болғанымен, оған еліктеу, сабагын алу парыз.

Сөз соңында айтарым, Мағжан қара бұлт торлаган, дүлей өз арамызда болғанымен де оларды да соған итермелеген күндердің құрбағы болды. Оны құрбаңдықка шалғандар сол жер заман деп ұғу ләзім. Өйткені кашанда өзгеден оқшау шығып, дара тұрган бітімі кесек, ажары блек, тұлғасы өзгеше адамды түсіну, оның жан дүниесіне терең бойлау киңін гой. Оны түсінгендердің ақынды колтықтауға, демен, сүйеуге дәрменші жетпелі. Ол түсінікті де гой, өйткені олардың өз бастарына да осы бұғалық түсті. Ал Мағжанға жасалған киянат оны кос қанатынан айырып, қыранға кояба бол деумен, арланға корашыл тәбет бол деумен бірдей еді. Мағжан ештеңеден каймықпады, асқак аспаңдады, қыранша қалқыды.

Менің аса бір таңқалып, таңдағы қага мойындаитының: Мағжан өз тағырын өзі білгенге ұқсайды. Осы ретте ол асқан сөүегейлікпен өз жолын күні бұрын күре білген сияқтанады. Сол себепті де ол жағымпаздыққа салынып, жана заманға этте-мұтті бас ие табынып, күнге баланған көсемдердің габанына түснеген. Басын имеген тәкеббар қалпы жыр пайғамбары болып өткен. Оның осы көрегендігі біздің

казак шейберінен асып, каншама айгак, деректер келтіріп іс дәлелдеуге тұрарлық шының екен. Айтастық, Магжан аса күрметтеген орыс ақыны Александр Блоктың тағдыры не болды? Ол төңкерісті шың қабылдамады. Алайда Кенеске қызмет етті. Жаңа дәуірдің ақыны болды. Осындай сыртқы өзгеріс оның ішкі дүниесіне сай келе алмады. Ақын ішкі толқынысында, толғанысында жаңа дәуірді, қызыл саясатты, пролетарлық идеологияны қабылдамады. Рае, ол бәрібір ұлы ақын калпында қалды. Бірақ осы сыртқы көрініс пештей карсылық оны тез солдырыды, іштей мүжілі. Оған дөлел керек болса, мынаны айтайын. Блок жайында жаңылған соңғы зерттеулердің бірінде былай деділеді: «Кейкейде оның тамаша дарыны өз орнына жұмсалады. Блок мылжың мәжілістерден, мылжың сөздер мен бюрократиядан обден қажыды. Жұмыс оны басты нәрседен—суреткерлік істен алысатты. «Мен құрып біттім. Маган өлу керек пе? Мылжың мәжілістерге енді өлтірсе де бағасұрапты! Мен шенеучік емес, жазушымы! Маган ас берсеңдерші!» дейді ол күнделігінде.

Міне, анық ақынды азапка салған, іштей мүжін, жегідей талаған тарпаң заманың озбұрлығы ақыры оны жығынтынды. Ол сөйтіп, сыртқы дүние мен өзінің ішкі құрылымының арпалысының құрбандағы болып, жер бетінде қырық бір жыл ғұмыр кешіп кете барды. Ал Магжан анық карсыныңен, алшарыспен, бас имей, мойын ұсынбай откен ерлікте ғұмыр кешті. Ол ғұмыр, әрине, ұзак емес, бар болғаны қырық бес-ак жыл. Бірақ қандай ғұмыр десеніші! Нә, Магжан ақындардың ақыны, казак жырының пайғамбары болын етті өмірден. Ол әлі де сол біктө, пайғамбар қалында біз тәрді габындырып келеді!

ҚАЛЖЫМҰРАТОВ ТЕМІРҒАЛІ —Сергеев ауданы,
ауданы, Кенес оргалау мектебінің мұғалімі.

МАГЖАН ЖҰМАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ТАҚЫРЫПТАР

Озі өмір сүрген XIX ғасырдың аяғы, XX ғасырдың басында дәуіри дүниеліктерімен дүмше дүшиені дүр сілкінтен Арканың арқалы да орынды, айышырша алудың да айларды ақыны Магжан Жұмабаев болатын. Қелі сабында келте ғұмырының кесімі көніл көрілесті, келесті, кескек

ті болар жолдарының біразын «тар жол, тайғак кешу»—
куғын-сүріімен өткізе де ол жыр жарысында бойге бер-
мес даусыз да даусыз дүлдүп, дарабоз-тың, шығармашы-
лық шынының шынайы Джамалунгасы еді. Өспеттеп өтері
әдебиетіміздің әсемдік әлемінде Абайдан кейін алеуметтік
«з әуенімен «қиуасынан шауып, қисынын тауып», өлең өне-
рінде өз өңегімен көкіректе көнермес із қалдыраған Маг-
жан—оган байыз таппай бой ұсынып құштар болғанмен ні-
сі қазақтың талтайым деп табынар, жарқыраған жарық жұл-
дызы, таңмен табысқан Шолпаны! Ежелден көршілес орыс
қауымы өзгелерге поэзиясы Пушкинімен пайымдаса, бұл
күндері біздің қалып қазақ слі ендігі қалған жерде қарым
қайтарып, марқайып масаттанбақта, мактанарапқта Маг-
жанның мол мұрасының мұраттылығын мейзесе—ұштаса,
ұтылмасы хак.

Ақын ақынның ақиқатында кім болғандығын онын көзі
тірісінде де, бұл фәни дүниеден өткеинен кейіп де, бүгінгі
жариялыштық белсенділік алдын отырған кезеңімізде де қалам тар-
тып көпіл қоқжынектерінен көрініп келгей, көрсегіп жүрген
қаламгерлері аз емес.

Ә, дегенинен Мағжанның мәрмәри-мұсін, шоң шығармашы-
ның шұрайтыны мен шырайтынына ағынан жары-
нып келтірері шегі де шәгі де жоқтығынан күмәнсіз шер тарт-
қан Мұхан, 1929 жылдың өзінде: «Мағжан—культурасы зор,
акын... Әдебиет әдебиет үшін деген тапба айқын болмай,
шірлі әдебиет болуга жол жок. Сондыктан бүтінгі күннің
бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге
аңық қалуға жарайтын сөз—Мағжанның сөзі. Одан басқа-
мыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін»,—дей
келе, 1957 жылы жазылған «Октябрь өркені» (М. Ә. 12 том.
Алматы «Жазушы», 1979. 170-бет) деген мақаласында:
«Өзінің көптеген шығармаларында махабbat сыршылды-
ғын жырлаған Жұмабаев ақын қазақ әдебиетіне әралуап
дертті: ыңырана күціренуді, мистиканы және жұртқа жат
электризм (әркімге еліктегіштік), декаденттікі екпек болған
акын еді»—деп әуелгі ойынан айнып екінші жағына аунал
түседі. Өзінің Әуезов екендігін бүкіл әлемге әйгілеген тарихи
романының басты кейіпкері—Абай атамыздың: «Болма-
сан да ұксап бақ!» дегені сонда иені мензеген? Әлде мұны-
сы гұлама жазушының сол атакты Абай атасының Физули,
Фердоуси, Бируни, Навой сиякты Шығыстың алтып ақында-
рыны еліктегенін естен шығарып, алғандығынан ба? Баль-
монт, Блоктарға «ұксап» кана коймай, Мағжан мазмұн-

менін, мәнісін өз туындыларында олардан артық түрлелілір-
се несі айып?! Элде арада жиырма сегіз жыл өтіп енді ауыз
са алынбасына көз жетерлікте «амал-айта» гаусылғанның
көрін кийін, сарғайған сары уайымның сергелденінен бе, я
болмаса, тұрлаусыздықтың тұралатын, тұраксыздықтың
тардтыраған тауқыметі ме екен? Дегенмен, дәуірге дарын-
ның мұндағы «алшандарлық» ауытқуға жол беріп діттесін
қалай алыш, қай қырынан қайтіп қара-қисынесыз құбылтыс,
құбыжың көрініс!

Мұханнан кейінгі Кеңес әдебиетінің негізін салушылар
катарында екінші орынды еншілеп жазушылық жолында
орен еңбеккорлығымен есесін еселеіп түстін «қаламы
мұқалып көрмеген» кәдімгі. Сәбен өзінің «ХХ ғасырдағы
казак әдебиеті» атты еңбегінде («Қазақстан», 1932. 1-бөлім
Ұлттылдық, байшылдық дәүірі» 1 бөлім, 283 бет): «Ақын-
тық жағына келгенде, Мағжан, әрине, казактың құшті ақын-
катарынан саналады. Қазактың тілін байту ретінде, әдебиет
тіне түрлер енгізу ретінде, Мағжанның еңбегі көп. Абайдан
бейін тіл өнегесінде Мағжаннан асқан казакта ақын жок»
екенін мойындаса, «Есеку жолдарында» (Алматы, 1964, 230
бет) 1926 жылдың 4 октябрінде «Еңбекші қаламгерлердің»
жалпы жиналысында жазушыларды жікке бөліп, қайсысы
мен қалай жұмыс істеу керектігін, «түр мен мазмұнды» жол-
да койып еңбекші халықтың әдебиетін жасайдын өзі сом-
даган ҚазАПП платформасына 1926 жылдың 27 шулайында
болашак «Алқа» үйірмесінің Мағжан жазған «Габадырық»
бағдарламасын «байшыл әдебиет» атап басынан аяғына
дейін онымен қалай «есеп айыру» жолдарын белгілейді.
Гапшыл тарлан тағы бір төңкерістен тайынбай, шымбайына
баткан «байшыл әдебиеттің» тұп тамырын барынша балта-
шап, тыш-тишпел етіп тақырап тәмамдауды тапсық тұтса,
«ұық-ауық аңсары ауса оған не зорық?!

Әлхисса, өршіл де өміршем, өлмейтін өлеңге өшіге өрек-
шіген өрттің өрісі өрши түсті. Қисыны келіп ғұрған соң нақ
оңы түс шамалы шегініс жасаған жөн сияқты. Өйтпесек
шамаң да, шараң да жок. Сәбен салған «сындарлы өзін»
соклағына Сейфолланың Сәкеш де сұқтаңды Сонау 1917
жылы Омбы семинариясын бірге тәмамдаған (Мағжан ал-
тын медальға, Сәкеш әлдекайда төмсін, орташа тапсырган
—Д. Досжанов «Абакты». Алматы: «Қазақстан», 1992 ж.
233 бет) кезде «Шолпан» жыр жинағымен мағаз Мағжан
мәшінурленген алғыр ақынның өз өнерін асыра алмаган Сә-
бен сал да сері мінез, міншіл сынаптығымен сараланды. Бол-

кім соның есесі болар, ақылдың ашуға аттызып, мүмкін, өткендеңі екеуарадагы сұлудың сергелденге салған салдарынан болар, ендігі жерде болмысын бүкпаштайлаған батпаң күйрек бақастықка бағыштаپ, актық айқастың жекпе-жегіншін сөті түскендей көрінді. Қореалмаушылықтың күйбенін күйттеп, қуидеушіліктің құрығын карына іліп, «Кас жауына» карсы сілтеуден жалақпады. О, тоба, ор казып сол орга Мажданың артын ала от өзі де түсті.

Маждан марқұм болып бұл жалғашын өткениен кейін оны көлістіре, жер—жебірінс жетіп «өлтіре» сынаған сарбоз-сынылардың бірі, әзірге көзі тірі құрметті казак етіншін жазуиысы—Әбділлі Тәжібаев. Ол өзінің «Өмір және поэзия» (Каз. МКӘБ Алматы, 1960) атты мәнгібаки өміршін күбылмасында: «Буржуазияшыл» ұлтшыл жазушылардың ішінде ерекше көзге көрінген, ақындық талантты мен өнерін түттел байшылдықка жұмсаған — Маждан Жұмабаев, деп бастап, символист деңадентігін дағды деңгейін «дәрежесінде» дөлөтден, «...ол Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Белинский, Чернышевский, Добролюбов таратқан демократтың ұлы илеялардан аулак. (олардың біразын Маждан тәржімаласа да, авт) Ол барлық құсығын орыс халқын сөнгуте, оның казак халқымен достық бірлігін быттауға ғана жұмсаған ақын... Біздінше, Маждан лирикаларының барлық мерезін (калай айтуға аузы барған?! авт) пышактап штырып қырсету керек те, оның жұқпалы, зиянды «күштерін» ошекерелеу керек. Бұл әдебиетіміздің тарихы үшін де, болашағы үшін де кажет»—деп «көрекендік» көрсетіп, казак әдебиетін корғаштап камкорлық көрсеткен Өйт дерсің! Күні кеше 70-ке толғанына «Ленин» орденін мактан тұтып, деңіре куашын, кеудесіне қадатқызыған (атакты ақын Айманкул анадан туды-ау сабазын) ақын ассакал ақын Әбділда бұл! Нак соңда көгілдір экранина «Жасасын Коммунистік партия!» деп жәдігейленіп жағынған Әбділла бұл. Бүкіл халық болып «Маждан!» деп жатқанда өткен ісіне «өкінбен», кішіпейілділік танытын халқы алдында марқұмның аруағынан кешірім сұрауды жөн көрмеген Әбділда бұл! Пендешилік-ай!—депсін де коясын. Одан басқа лажың да жок.

Ни, өткен күндер өз алдына, сол «өшкеніміздің жаңының өткеніміздің тірілген» тұсы — бүгінгі таңдағы бет алысымыз қандай. Ол тұрасында қалам траткандар не дейді, қандай шікірлер білдірген, міне, осы жөнінде аздан та болсын ол

сөтіспен өтуге тагы да болмайды! Солардың ішінде ең көзінде түсірі Шернияздан Елеуекенов.

Өзінің «Мағжан» атты («Жұлдыз», 1989, № 6) монографиясының кіріспесінде: «...Октябрь женісінен кейін де біраз үзактың сәбекій бұқараның тантаны мұдделерін жеріне жетеп түсіне алмай, жүрді, осының кеселісін тарихи бетбұрыс, революциялық аударыс-тәпкөріс кездерінде жаңалыкты жағынды. Осы жәйт оның творчесгествоны да салкынын тиғізді» дегі көте, нака осы сәбекінің негізі болғыміне ойнекан бетте-ак: «М. Жұмабаев күрделі де күнын жолдан өтті. Нагыз атынан жарылып сөйлейді... үш революцияның, Азамат соғысының иелер қының-қыстау кезеңінің күәсі болды... айтыс-акын ойна келгенін өзі дүрыс деп тапта іркіліп қалмайды, ты, таласты, күрес барысында шындалды ақын жолды өзді, ақыры оны тантт да» дегі жоғарыла айтқан ойна өз-өзі кайшы келеді. Бұл бұл ма, енді арага түп-тұра үш жыл салып иак сол «Жұлдыз» журналының 1992, № 6) бетінен орын алған («Алқа» үйірмесі бағдарламасын «окығанда») сәбекінде «Мағжаниң әдеби» эстетикалық қөзқарастары» атты бөліміндегі «ерекше есейгендік, марқайғандық» танылышы: «Мағжан поэзиясы — күрелі құбылтыс. Қазак әдебиетін дүние жүзі әдебиеті деңгейіне көтеруде алып қажыр-кайрат көрсеткен Абайдан кейінгі шырқау білгіміз... творчествосын бағалағанда, ескірген өтшемді колданып келдік: бір кезде жаңылды, жаза басты, сонынан бері түзеле бастады дейік. Мұидай қөзқарасты басшылыққа алу—Мағжан өлеңін тагы да көркем ойды мешеу өткен Стalin жүргізген канылозері саясатка жығып беруге бастады. Бізге көрсігі—басқа безбен. Поэзияның дәуірі шындығын қалай, кайтіп тап баса білген дігі» деп таңыртқанбаска, таңданбаска лажы қалмайды. Одан-әрі қолемді қолтұмасында: «Мағжан — замана өзгереп түйине мейлінше ден койып, құлак тіккен ақын...», «Мағжан ұлттық, алашордашыл деп сөкем ала бермей, бір уақ ось бір болек тұған жан еді гой. Абайдың мираскоры еді гой деп құлак асса, талай асыра сілтеушилікке жол берілері ме еді, берілмес не еді?»—деп мұлдаймын, мұсіркен мұцга мойын ұсынады.

Әзіз жан, асыл ақынның қай шығармасын алып карасаңыз да белгілі бір оқиғаға ариалған. Олай болса ол шын мәнінде тарихи. Айтайын дегенім — Мағжан шығармаларының тарихи тақырыптардың мазмұн—мағынасын айқындаш алада жолда әлі де болсын опалы ой смес, керісінше, өкінішті олқылтыктар омыраулаған осынау жосындарсыз, сын дей-

тіндей болса сиқының «сыралғылығына» бойламай, бірден оларды тізбелеп алға тартудың өзі кисынсыз. Сөзіміздің дәл де дәмді дәле! —аркалы ақының «Окжетпестің киясында» атты дастаны болмак. Шығармадагы басты тұлға казак халқының өткен гасырда Орыс патшасының отаршылдығына карсы ұлт-азаттық көтерілістің үйымдастыруышы Кенесары Қасымұлы. Оқып шықкан оқырманға Магжаниң непі мецзеп көксейтіні қаһарман Қенекеңнің іс кимылмен үндесіп жатқандығына шубә келтіре алмастығымыз. Осындағы қысыл-таң кездің қыспагында киаптып жүрген ханының құсейкы бір сәтінде:

Алаштың алдын кара тұманды басқан,

Мынау орыс озбыр ол еміп жатқан.

Көп ерлері жаумен бірге елін шапқан...

Шормандай шолтандаган шолақ билер,

Орыстың шекпеніне елін сатқан—деп ақсакалды қыдыр кария аяң берсе ол әбестік емес не? Отаршылдықты озбырлық емес деп кім айта алады? Немесе:

Содан бері бір талай заман етті,

Алашты үлай-үлай жаман етті.

Тұлнар—тулак, ер азып аруақ бол,

Сарыарка—сайран жердің сәні кегі,

Жолбарыстар жортатын сар далада

Корсыңдаган доңыздар мекен етті... деп сын садағын пысанасына дәл тигізсе, алашым деп аласұрып, өткенге талдау жасап, сол кезең тұрғысымен корытындыға келсе, Магжаниң кай жерінде мұлт кеткендік бар? Тағы да қайталаїмын оқиғаға тым оғаш бір қырышан қарамаған кисынды. Сындарлы сала безбеніне салып толыққанды топшылаған адам зерделі зейін тұрғысынан нендей мәселені болсын жанжакты толғанысқа түссе: «Өй, олардың (орыстар) несін айтасың, әділ де өршіл, бірбеткей халық кой олар!»—деп әлі күнгө дейін өзіміздің «көй аузынан шөп алмас» момын қебінін киіп оған коса жәдігейлік пен жағымпаздықтан алдына жан салмастығымызды жасыра алмайтындаі елес көз алымыздан көлендеп шыға келері даусыз. Орыс халқының озбырлығы ата-бабаларымызға әлмисақташ белгілі екендігін мойындауымыз керек. Әлде олар: «Орыс, жүрген жері корыс», «Орыстан жолдасың болса жанында балтаң бірге жүрсін» деп жәй, тектен-текке айта салған ба? Жаңсақ жалған болса бүгінгі күндері неге, несие үшін ата-бабамыздың ділі мен тілін, тіні мен дінін, әдет-дәстүр, саят, ғұрпышын калпына келтіреміз деп бай-баламға басып жанымызды жеп жүрміз?

Літтар көп-ак, уақыт тапшы. Тарихи тақырыпка көлемі шағын болса да мән-мазмұны жағынан ерекшеленетін жемісті еңбегінің бірі «Қорқыт» дастаны. Ол 1923 жылы Ташиент каласында шыққан «Шолпан» журналының екінші, үшінші сандарында жарық көріпті. Бұл шығармасында аяуым акын ертегідегі естілетін өткен күн анызындағы Қорқыт бабамыздың өміріне дең койып оны өз өмірімен салыстырады, акындық хакында толғанады:

«Өткен күн ойды әлділеп тербеткендей,
Ойынды Алтай бойын өрлеткендей.
Тыңласап құлағың сан сар даданы
Корқыттың сарыны, әні күніренткендей...

...Өмірде арманым жок Корқытка срсем,
Корқыттай жаңды жасен жуа білсем. .
Жол тәғіп, сүм өмірден зарлап, сарнап,
Құшактап қобызынды көрге кірсем»—дең анираң келгенде өмірдің күр жалғандығына көз жеткізіп шабытка, музгаға табынуды, Қорқыт бабасындаи қобыз-жырымен көрге кіргенді қалайды, армандайды.

Мәжжаниң Омбыда білім алғып жүрген кездеріндегі 1918 жылы жазған дастаннан гөрі балада негізінде жазылған «Койлыбайдың қобызы» атты ұзак тоғауы да тарихи тақырып тұрғысына жатады. Қалың Найман ішіндегі Баганаалауда өзлие аруакты Қойлыбайдың жынды түгенден періні мінестін ерекше сикыр құші жырланады. Оның қобызын какса болғаны касынан жынның еңрең тұган ері—бірінші жыны Қақаман шыға келеді. Одан кейінгілері —ага жын Надыр да, үшіншісі —жолдас жын Шайлан. Окига желісі ішінде Барак батыр бар өнердің сан түрінен сайыс өткен үлкен бір зор аста өтеді. Сайыс соңы 200 ат косылған үлкен бойғемен ұласады. Қалың жұрт бұл бәйгеге Қойлыкеңен қобызын косуын өтінеді. Барың бас болып қалың найман сұраған соң бер кайтаруға дәті шыдамай баһадүр бакесі тілектерін орындалты. Бәйгеден аттар келер мезгіл жакынлаганда Қойлыкеңің аяқасты аруағы қысып қалышылады, аузынан қанды көбіргі бұркылдайды. Жалаң қылышты қобыз етіп сарынына салып сар даданы күніренткеді. Құмшан құйын көтеріп бұлтқа косады. Аузынан аккөбігін атып көзі аларып Қойлыкең кара терге малышынан медет күба жашанан бір шац көрінеді. Қөпшілік оның ортасынан србендең, ойшан салып екі басы алма кезек жерді ұргылаш бір сексеуіл жетіп келгенін, оған байлан шандылып қалған Қойлыкеңнің қобызын көреді. Сол мезет Қойлыкең де кө-

зіп ашқан екен. Осылайша Қойлышкенлі келістіре жырлай отырып Магжан Батыр Барактың жолын беріп нақ сол кездерде Сібірде ылдамын салып жүрген актардың генералы Колчак қолын:

«Кұдай-ау, албастының ойшагындай,
Мынау сүм заманға кез қылдың қайдан?!

Шіркін-ай, күл заманды күл қылтар ем,

Бата алмай бағаналы Қойлышбайдың!»—деп кайткен күнде күртуды көздейді.

Жұмабаевтың жарқыраған жұлдызының жандырған дайгайыр дастандарының ең шоқтысы («Шолдан» №№ 6-8, 1929). «Батыр Баян». Бұл шығарма олі күнге дейін казак адебиеттің как төрінен орын алғын алқымын әрлейтін алқасы. Асылы болса аяусыз актарып жыр жолдарындағы пәкышты кестеесімен жан сезіміне тіл бітіріп окушыны өзіне баурап алады, еріксіз терец ойға батырып, бас шайкатып, куреініс күшагына көзіктіреді, бір сәт мұнга бергізеді, ешретеді, сілтеді. Тарихи тақырып тәніретінен ширка лагылтына жетелеп, оқырман жүргегіве маҳаббат пен борыш екеуінің шенделескен жерінен трагедия туғызып, казактың «Малым, жаһым, жашым—арым садағасы» леген мәтсекен мәнін ашады, арқау етін адамгершіліктің айқын да әдемі фонның көз алдына өкеледі.

Дастан оқығасының өрбіген өрісі мен иеі алаштың Меккедей тауап қытған Арқадагы осем аймагы—атакты Абылтайханың алтын ордасы—хан сарайы. Коның тепкен жері Қекшешің көлбет—қөркі —Оқжетпесстің етегі, Бурабай мен Шагалатың көлбеттің екі ортасы, хош исти карагайы мен биші бейнелі акбалтырылды қайыңдар өнірі. Но, тан осы өнірде Абылтайхан хан көтерген өніштегі небірі нояп, ыгай мен сығайлар; билер, шешендер Байжігіт, Гасболат, Толыбай, Канай Шешен, Қанжығалы Бөгөнбай карт, шәкірті Жанатай, бәсентініңдіктер Сарымалай, Сырымбет, каркаралық Кошкарұлы Жәнібек, балталы Оразымбет борісі жиылдың «екі күнін бірінде қылышын алғын жүтіріп маза бермейтін» кал мактарға жаксылап бір соккы бермеккे жиналады. Олардың көп күткендері шырайтын шыгармашың басты кейіпкері Батыр Баян болатын. Оның осынша күтірүйін өзі Баянның қандай батыр болғандығын дәлелдесе керек. Сол Баянға ынтығын отырып оқырман оның қалмактан бір согыста асқан бір сұлу қызды алғын кайтканы, оған көпілі ауе да өзін агаевидай көріп жүрген керімге полен деуе батының бармазғандығы суреттеледі. Мінс, осы қыз Баянны Нояп де-

теп інісімен еліне қашып кетеді. Трагедия түйіші —сүйтеп сік жасты өлтірген Баян батырдың жан күйзелісі. Қас қагым сол арасында не істеп, не койғанып өзі де түсіне алмай мен-зен батыр атынаң құлап түседі. Ақылыш ашуға жептіріп ол енді бір сәт өкінуге душар болады. Ыза бұлты сейілтіде барып:

«Жейгүғын өз күшігін boldым бөрі,—
ісімді мынау агат немен жабам?»—деуте көшсіл.

Поэма ерсілі-қарсылы, бір-біріне қайша, керігалаң сезім іе, шыныңк сезімге толы. Өз ойының он сакта белгішін қайсы дұрыстырып ажыратса алмай киналаған түс дөл-сол болғаны қандай?

Күй жүрек! Қол бол жасым! Өртегін ішім!
Алдында айнам жатыр бөбек пішиш.
Сүм садақ кетсе де үзіп жас жүрекін,
Жойғаш жок күлшашағым ерке түсін.
Сорлы ағаң атып жығып өз інісін,
Ніскейді енді зорлап аппақ төсін.

Ерікіз жанаарынды жас жауап, тамғына тұрып қалғандай сезінесін, жанталаса жұтынуга әрекеттесін, бірақ, құрғыр құрғақ. Туыстық туралы толғанын бас шайқасын, замал не, кеш енді олай етуге. Бір мезет батырды жазғырыңыц келеді осы түс. Енді жалғырмакка жөнеле бере тағы бір сезім сеілт еткізді. Ол Баян басына келген ойдан туындаиды:

«Тартқаңда сынбадың-ау сүм садағым!
Қайтейін, арымадың, арда күшім!
Жок, әлде, жок, жок, әлде өлтірдім бе
Інімді алты Алаштың намысы үшін?»

Ойлың осылайша да өрбүі заңдылық. Нояниң жасық болып үрганына ығырданы кайнайды. Батыр үшін бастысы—елін көрғау, бір қызға бола құл болған елдің қылышы—корлау, үшітеп келтінде, махаббаттан да адамгершілік арының жоғары екенін осы бір тұста тебіренбей және тұра алмайсын. Халқы үшін қам жемеген адамда шынайы махаббат та жок. Сондыктан да Ноян қылышына аз уақыт аяныш, мезетті мұңгана лайық екендігін мойындаисың.

Баян Абылаймен келісе алмай аз қолмен қалмакты құп жегіп каза табады. Орины толмас өкіліш. Бірақ, Баян—батыр Баян мәшиі.

Онысын: «...Ел үшін төккен ерлер канып жұтқан,
Ерлердің ұмытса да ел, жер ұмытпас,

Арқаның селі, желі, шөлі, белі

Ерлерді ұмытпаса, ел де ұмытпас!»— деп жырлаган, мер-
уерттерімен зерлең түйіндейді. Мағжан маржанды Мұнар-
тау басынан мен мұндалап! Ня, Мағжан шынында да Джо-
молунгма!

ШАЛАБАЛЕВ Қ. Ы. — Жамбыл ауданы,
Аманкелі орталau мектебінің директоры.

МАҒЖАН ЛИРИКАСЫН ОҚЫТУ

Мағжан Бекенұлы Жұмабаевтың асыл мұрасын оқып ү-
рену, оны оқушыға жеткізу — әдебиетші ұстаздың парзы.

Осылі оқушыларға Мағжаниң басқа ақындардан ерек-
шелігін, Мағжан ақындығының құпиясын, Мағжан өмір-
сүрген кезеңнің сипатын түсіндіруіміз керек.

Мағжан поэзиясынан бейнелеп айту, қөркем ойды сұлу-
суретпен, өзіне тән айшықлен өрнектей отырып, сыртқы
ішкі сұлулықтың нәзік жібін катар тартқан тамаша лири-
акынды көреміз.

Мағжан ақындығының құпиясы — оның өз тұсының шын-
дығын дәл бейнелеуінде ғана емес, өлеңнің сикырлы кү-
шінде. Өлең — оның өмірі, өлмес рухы, жаны. Ол бірде өмір-
дің күлкісіндей куанышты бейнелесе, бірде жылғаған, қайғы-
тұтқан қазактың жан-сезімін көрсетеді, ақын осындаі ал-
масын, аусын жатқан дүниенің бір сәттік қозғалысын көз-
алына әкеледі.

Мағжан өмір сүрген дәуір мен ақын кешкен тіршіліктің
өзі де күрделі еді. Өзінің алғашқы өлеңдерімен қазак әде-
биятінің демократтық, ағартушылық бағытына үн кости. Ка-
зактың ұттық тәуелсіздігі, отаршылдыққа карсы күрес-
ілеясы ақын өлеңдерінің негізгі аркауы болды.

Ақын өмір сүрген дәуірдің қайшылықтары оның өлеңде-
рінен көрініс тапты.

Мектеп бағдарламасында Мағжаниң әдеби мұрасын ту-
тас талдап өту мүмкін емес. Сондыктан ақынның адамгер-
шілік идеялары, ақындық шеберлігі, терен ой-сезімінің ши-
реккан сәттері көрінетін тұстары ғана ашылады.

Мағжан нәзік сезімнің, тәтті киялдың ақыны. Сондыктан

Магжан Жұмабаев лирикасын оқытуда окушыларда ой-семи шірімдерін туғызууды басты мақсат етеміз.

Магжан лирикасының мәні мен мағынасын окушылар саласына жеткізуді мақсат тұтқанда, оны жақап да жаттанғын түрде толғаныссыз жеткізе салмай, ақының сыршыл, суретшіл, иәзік үшін, жүрек күйіп, жан сырып, көпіл кірбец-ші, арман-мұратын, жан азабын, ақын творчествосының ой-шылдық рухын тереп сезіне отырып жегкізген жөн.

Белгілі әдебиетші—ғалым Рахманқұл Бердібаев «Ақын шылдыры» атты әдеби зерттеу макаласында: — Магжанның іш күрделі жақалығы казак әдебиетіне европалық үлгідегі лирикалық жаңарды қалыптастырып, жаунар үлгілер жасаудыңда деуге болады. Поэзиямында ұзы Абай бастаған дәстүрлі бұл салада М. Жұмабаев жалғастырып кана коймай, көріндептіш, гүлдендеріп, жаңа биікке көтерген еді. Оның ондаган, жүздеген татымды, әсем туындылары көніл күй лирикасының классикалық туындылары болып есептеледі. Мағжан поэзиясының ұтылтыры соншалық, ол көп адамдардың жағында жағталып, сакталған. Осының өзі ақын шығармашының өміршендігін көрсетеді, —дейді.

Алтыншы класта өтуге Мағжанның азаматтық лирикасы на жататын «Мен кім?», «Мен жастарға сенемін» деген екі өлеңі берілген. «Мен кім?» өлешинде ақын:

—Көкте күнмін, көпке нұрым шашамын,
Көнілге алсам, казір гарышка асамын.
Шеті, түбі жок теңізбін каракөк,
Ерігемін—толқып, шалқып, тасамын.
Жалынмын мен, келме жакын—жанарсып
Тұлпармын мен, шашма ермей қаларсын.
Құт болсын көк, жемірілсін жер, уайым жок,
Көз қырымен күліп кана қарармын.

Бұл өлеңді оку барысында окушылар Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Шығамын тірі болсам, адам болып» өлеңін естеріне түсіріп, екі ақынның ой-арманының үндестігін аңарады, олардың заманы бір, оның бір ақын екендігін ұғынады, шынайы ақынның сөзі өлмейтінің окушылар тәніті болады.

Абай өлеңдерінде бастау алған табиғат лирикасын Мағжан жетілдіре түсті. Қазак даласының табиғатын да нәк, ғаза күйінде көргісі келеді. Адам мән табиғатты, тұтастықта танып, олардың жан күйін өлеңде бірге өреді.

Мағжаның 5 класта өтілетіп 1912 жылы жазылған «Жазғытыры» өлеңінен үзінді оқып көрейік:

—Бай аулы жылғы камап, қыл күзетер,
Белсеген жылқышыга нокталатып,
Бала-тар етек түріп; зыр жүгірер,
Батпакка бірін-бірі домалатып.
Кырдаңы жылқышлар ұйқы көрмес.
Колынаи құлық бие құлышатып.
Май келді, жер құлпырды, гүлдер жайнап,
Жібектей көкорайлар жаткан жайна.
Сұдурай бұраңлайды бұтактар да,
Ән салса әр түрлі құс тұрган сайран.
Сұнктан тонып өлген шыбын-шіркей,
Тірілін қашат қагып быж-быж қайна.
Міне, мұнда сол кездегі өмірде, казак тұрмысында,
турлым жиі кездесстін әрекеттер суреттеді.

Оқушылардан табиғатқа жан бітіре суреттейтін осығай дейін қандай шығармалар оқығандығы сұрапады. Оқушылар Абайдың «Жаз», «Жазғытыры» өлеңдерін естеріне тәсіріп, екі акынның табиғатты суреттеудегі шеберлігін, ескешеңктерін айтады. Абайдың «Жаз» өлеңінде қыз-келішкетердің «бұрала, басып былқылда», «Әзілдесін сынқылдан» үй тігүлерін еске түсіреді. Абай көзге алдымен шалынатын қыз-келішкетердің бұрала, басып былқылдаудың алдында құлыштайдын бұлтылдаш шабуына назар атартса, Мағжан да балатардың «етек түріп зыр жүгіруін» көніл боледі.

Мағжан өлеңдеріндегі сөзбен өрілген сырлы суреттер онының көпіл көкжигі от бол, соуде бол серпіліп, жарқыратын аша түседі. Акын өзінің таным-талғамын бедерлі сөз ғемел оймен, тіл өнерінің мейлінше айқын бояуларымен жақын, сезім пернелерін дәп басады.

Кешкі есken жібек жылы жел сұлу,
Хон-ністі түрлі-түсті гүл сұлу
Әдемі аспаш — төбедегі көк шатыр,
Алекар тауы, дариясымен жер сұлу.

Сылқы-сылқ күлін сылдыр каккан су сұлу,
Көлге конып қашқылдаған кү сұлу.
Бейне айнадай көтерілген бу сұлу
Осы өлеңде акынның жап сұлұлығы мен көркем ойда көзделенген табиғат сұлұлығы іштей тоғызын жатыр. Мағжан

Арикасы окушыларды әдемілікі, сұлулықты сезінуге тәрбиедейді.

Магжан лирикаларында азamatтық әуен, өмірлік мұрат, сл. халық алдындағы перзенттік парызын сезінү, халықтың қалғып жаткан ой-санасына сәулө себуге талпынысы кең көлемде көрініс тапқан. Олардың терсінде кемел ой мен биік парасат, елім деп еңірегегер ердің өршіл рухы мен халық кіңысына кабыргасы қайыскан жашының изік сезімі жатыр. Қаңға сіңген маргаулығына қүйінеді, одан аршыл алар жол іздейді. Өркеннетті елдердің тіршілігінен ой қорытып, болашакты болжайды, соған өз халықын шакырады.

Кор болдық өнер күмай, кайран слім,

Күш кетіп талай жанинан көрдік керім.

Сұлық бол жан шыққалы тұр таяулан

Мандайдан шып-шып шығып өлім төрін.

Жастардың жігері, талабы Магжанды да жігерлендіреді, ол жастарға сенеді, жастардан таудай үміт күтеді. Бұл ойын акын «Мен жастарға сенемін» деген өлеңінде айқын айтады.

Кажу бар ма тұшарға,

Талу бар ма сұңкарға,

Іман күшті оларда,

Мен жастарға сенемін,—дейді акын.

Әділетсіздіктің күрбаны болған аяулы акын етіне тұған жеріне деген сағынышын былашша голғайды:

—Қазагымды, калып елді сағындым,

Сарыарқамды —сайран жерді сағындым.

Балдай бұлак, мөлдір күміс көбікі,

Арқадағы айдан көлді сағындым!

Магжан өлеңдерімен окушыларды казак тілі сабактарында таныстыра беруді мақсат етеміз.

«Еліктеуіш сөздер мен олардың түрлері» тақырыбын еткенде үлестірмелі карточкаларға Магжанның «Қаранғылых іюланының көледі» өлеңінен:

—Пеш ішінде шок акырын сөнеді,

Сіңген шоқты үріп бала күледі.

Ой басты ма? Әлде көнілім толды ма,

Мөлт-мөлт етің көзіме жас көледі.

«Қысқы жолда» өлеңінен:

—Астымдағы жануар

Құлагын кайшыландырып,

Зорға борт-борт желеді

Антай ұлып бір мезгіл,
Екі санын шапактап,

Біресе сак-сак күледі,—деген өлең үзінділері беріліп, олардан еліктеуіш сөздерді тауып, (мөлт-мөлт, борт-борт, сак-сак) мағыналық түрік жөне грамматикалық тұлғасын аныктайды.

Мағжан өлеңдерінен терме диктаннтар атынды. Мына өлең үзіндісінен оқушылар зат сімлерді теріп жазады.

Күниси туған баламын,
Жарқыраймын жанамын,
Құнге ғана бағынам.
Өзім құимін, өзім—от,
Қөзім қысық, сөзімде—от
Өзіме-өзім табынам.
Жерде жалғыз тәнірі—от.
Оттан баска тәнірі жок.

Мағжан поэзиясы балаларды сұлулықты суюге, жүректің тазалығына тәрбиелейді.

Түйінлей келе айтарымыз: Мағжан қыска өлеңде де дәүір тұнсызың кең камту мүмкіндігіне қөзімізді жеткізді. Мағжансыз қазак поэзиясы дамуын жан-жакты қарастырмак түгіл, белгілі бір тар арнада да түсіну, түсіндіру мүмкін емес.

Мағжаниң өзі тұған сұлу табиғатындағы сұлу жырлары мен ұлы ақынның жас үрләгы сузындағы бермек.

Қаһарманов Ғаділша —акынның туысы,
Бурабай каласы.

«МАҒЖАН—АЗАМАТ, АҚЫН, ПЕДАГОГ»

«Бұлбұл құс! қөзімде жас, кеудемде от
Толып, меп саган келдім, ішімде жоқ
Дертіме сенен ғана дәрмен болар,
Баскадан, анық білдім, еш пайда жоқ»

(Мағжан «Бұлбұл»)

Қазак топырагындағы жыр—өрнек ұлғасін өз үшімен байытып, ақындық болмысы жарқырай көрішген Мағжан Жұмабаев Бекенұлы қаламынан туған асыл казыншатар халық

үшін таусылмас тарихи мұрагер. Оның өрнекті өлеңдерінің үзінісін тану үшін, оның әр шумагын, әр жолын ой-көзімен сүрептеп, жат-сезіммен кабылдай білу қажет. Сонда ғана ақынның сырлы ой-сезіміне бойлай, сыртқы сұлу, іші бай мазмұнды, жұмыр жырды түсіне аламыз. Мағжан поэзиясынан —оның суреткерлік шеберлігін, ақындық ой-асқақтығын, көркем тіл-ұғлісін, стилінің ерекшелігін, кең тынысын көреміз. Оны Мағжанның «Оқжетпестің киясында» деген поэзиясынан көруге болады:

«Арқада Бурабайға жер жетпейді
Басқа жер ойды ондай тербелгейді
Бурабайдың көлі мен Қөкшетауы,
Көрмессен көкіректен тер кетпейді.
Бұлт құшқан киясымен «Оқжетпестей»
Басқа тау ойды аспанга өрлегпейді
Арқада Бурабайға жер жетпесе
Алашта Қене-екеме ер жетпейді.
Қекшеде қүңіренген кенем қайда?
Дариха, жүргінді дерт өртейді!
Қекшени күндіз-түні мұнар басқан,
Қап-кара бұлттар менен құшактасан.
Алдына бүйра жалды болек тау бар
Қекшеге косылмаққа койын ашқан.
Мөп-мөлдір, дөп-дөңгелек көл орталда,
Жел ойнап, ақ бетіне меруерт шашқан.
Сол көлдің жағасында Оқжетпес бар,
Жасаған мұнарадай құйып тастан.
Найзадай Оқжетпестің киясына,
Жалғыз-ақ Қене-екем гой қадам басқан.
Алашта талай-талай ерлер өткен
Ерлерде Қене-екеме кім бар жеткен?
Сүйремей елін ерге, көрге сүйреп,
Ер емес, «ершіктөр» ол елді еніреткен.
Жалғыз-ақ Қене-екем гой кайрат қылған
Қазакты құтқарам деп қалың өрттен
Бір кезде Қене-екемді ойлар билеп
Бір өзі Бурабайға кезіп кеткен.
Артында Оқжетпестің үңгір тау бар
Сол тауды бірнеше күн мекен еткен.

Мағжан поэзиясынан бейнелеп айту, көркем айды сұлу суреттеп, өзіне тән айшықпен өрнектей отырып, құлаққа жылы үнмен сыртқы, ішкі сұлулықтың нәзік жібін қатар тартқан тамаша лирик ақын. Мағжан сөзінде кездесетін әде-

мі әуен, сыршыл, ыргак, кейде жүректі тебірентіп, толқыта тын, кейде мұнға батыратын, алғыс арманға, кейде мына әлемнен басқа әлемді ұғыныздын, дүниенің каттылығы мен тәттілігіне төнті етеді. Бұл ойым дәлелді болу үшін, ол «Окжетпестің киясындағы» поэмамың жалғасын оқып көрейік:

Бір күні тым құтырып жол ойнайды
Жыныс жол қатты сақ-сақ құле ойнайды
Бегінен жол кеп сүйіп алғаннан соң
Көбіктепіп көл скеш, көл ойнайды.
Сол түні, сонау үшір тау ішінде
Кабайш каре жауып Қене ойлады.
Қамалған қазагыма жол тапшакка,
Журегін тілім-тілім тіле ойлады.
Қазағым, ханың да мен, қаран да мен
Сен үшін жаңым құрбан деп ойлады.
Қене-екем құлаштаған ой тенізін
Бұлдырқан бұлдыр заман қыран көзін.
Бір кезде серпіледі шыгарған соң
Ойлардың ух деген у лебізін
Келеді маң-маң басып Окжетпеске,
Құмдарга жолбарыстай тастап ізін,
Көзін жұмып, кияга шыксам-ау деп.
Ойтайты жогарыға жөндеп дүзін
Сол минут Окжетпестің киясында
Жіберсе көзін ашып, көреді өзін.
Қене-екем көзін ашып таң бол қалы
Карауга көз көрмейді ешбір жатты.
Нажагай маңайында жарқ-жүрк ети,
Қарағай, сыпсың біткен шулан жатты
Төменде Окжетпестің етегінде
Толқындар тасты сабан тулап жатты.
Кішкене сескенгендей болғаннан соң,
Қене-екем аузына алды аруакты
«Аруак!»—деп алғанша аузын жиын,
Қореді карсы алдында ашиқ картты
Карт соңда козғагандай болды басын.
Қолымен көтереді түкті касын
Оғнаған ак бұлттай денесі аппак,
Жасаған бұлт ішінде барлық жасын,
Қүніренген көлдердің көбігімен
Жұғаидай аппак кылыш сақал, шашын.
Ізгі карт «Ah»—деп аузызын козғағанда
Төменде судын туы болды басым.

Карт соңда күніреніп: «Аманбысың;
Кене—жан, берірек кел, сырттай балам,
Көне—жан, берірек кел, сырттай балам,
Ел үшін елсіз жерде жортқан балам,
Сактайтын көзден, тілден сендей ерді.

Ақын бұл жерде халық алдындағы перзенттік парызының сезінү, елім деп ешіреген ердің өршіл рухы мен халықтайды. Магжан ана тіліндегі сөздік корды сүрүптаған, поэзияның керегіне жарата білген. Табиғатты суреттеуде табиғаттың негізгі мәндерін анықтаған, оның тәсілдерін сипаттаған.

Магжан өзінің таным-талғамын, тіл өнерінің айқын бояулаударымен жеткізіп, сезім периесін дәл басады. Магжаның осы поэмасының жалғасының назарға салып көрейік:

Ата шір касиетті мен карт бабаң,
Өз көліммен төмениң тартын алым,
Қияды күтіп сені сансыз заман...
Ел үшін еңіреп тұган жолбарысым,
Білемін жүргегінде бар бір жаран.
Сені улаған казактың кайғысы гоң,
Дарнга, қазағымның құні караң.
Алаштың алдын кара тұман жапкан
Мынау орыс обыр ол, еміп жаткан.
Заман азған шағында адам азбак,
Көп ерлер жаумен бірге еліп шапкан.
Кешегі Абылайдан азын тұган,
Үәлі анау, әр катынмен басы қаткан.
Шормандай шолтандаган шолак билер
‘Орыстың шекпеніне елін саткан.

Міне, бұл шумакта Магжан ағамыз іштегі ойны ашық, тура айтып, айтқанынан кайтпайтын, шені үлкендерге жағынбайтын жағымпаздар Магжанды көп құғынады. Ол халық үшін құрбан болды.

Магжан жырларын кайта-кайта оқыған сайын сөз өнерінің көркемдік меруертін сезінесіп. Шынайы таланттың жаңы табиенің тұған сөз меруерттері өзү, сикырлы қалпында гасырларды аттап отіп келешек өмірмен тығыз жалғасып жатады.

Магжан поэмасында сөзбен өрілген сырты ойлы суретте рі окушының көніл көкжиегін от бол, сөүле бол сершілтіп, жарқыратып ашып жібереді. Оны мына жалғастан сезінесіз:

Кене—жан, Елін калды жау колында,
Алып кет алашынды осы жактан.
Тайсалма, тәуекел қыл, батыр балам,
Арсыға дұға асырар, мен карт бабаш,
Еңіреген ерге серік жолдас болар,
Балауса жас жолбарыс інін Науан
Жау қалып, азғантай ет, азғантай шаң
Болғай ед аруақ жар, құдай панаи.
Мерт болсан максұтыңа жетлей егер,
Сол сагат мен осы жерде таска айналам
Алашта тағы сендей ер туып,
Төбеде тас бол шөгін күтіп қалаш!
Осы сөздерді айтып карт гайып болды
Таудың үсті тамаша нұрға толды.
Тербеліп, күніреніп қара бұлттар,
Жер мен көк касиетті жырға толды.
Бұлтты айдал, сылдыратып сүмен ойнац,
Ерке жел, тасты құшық сақ-сақ күлді.
Аллалап ну қарағай шулай-шулай,
Төменде тулай-тулай толқын өлді.
Тамашадан тас болып біраз тұрып
Қөзін ашып Кене өзін жерде көрді.
Сол кеткеннен Кене-екем кете барды
Жанына жас жолбарыс Науанды алды.
Алашты алып шығып ет қылмакка,
Жауына аш бөрідей ойран салды.
Үйсін—дулат, Қырғызбек кол ұтасып,
Қытаймен қатынаспакка ой ойланды.
Біле алмай надандықпен ердің ойын.
Сорлы Қырғыз мерт қылды арыстанды.
Арыстан Алатауда мерт болғанда
Оқжетпесте тұрган карт таска айналды.
Содан бері бір талай заман өтті,
Алашты улай-улай жаман өтті.
Тұлпар—тулак, ет—арып, аруақ бол,
Сарыарқа сайран жердің сәні кетті.
Жолбарыстар жортатын сар далада,
Корсылдаған доныздар мекен етті.
Жалғыз-ак Оқжетпестің киясында,
Шөккен карт, Күншығыска түзеп бетті.
Көп заман талмай, тозбай тау басында,
Алаштан Кене кемдей бір ер күтті.
Арқада Бурабайдай жер болмайды,
Алашта Кене—кемдей ер болмайды.

Кене арыстан мезгілсіз мерт болды гой,
Алашқа бұдан да зор шер болмайды.
Ел азды, Арқа тозды, кайғы басты,
Құніреніп біздей бейбак жыр толғайды.
Құдай-ау, мәңгілікке карғамасақ,
Кенемдей енді иеге ер тумайды?
Кене жок, ізін басар іші де жок,
Дарига, жүргегімді дерт улады:

Мағжан халыктың қаңға сіңген маргаулығына күйінеді,
Одан аршып атар жол іздейді, болашақты болжап егеменді
ел болуды армандаиды, соған халқын шақырады. Ақының
өлең жырларын толқымай, жаңыцмен егілмей оку мүмкін
емес. Бүгінгі біздің тірелтер тығыршықтың бастау көзін сол
кезден-ақ тануы кімді болса да таңдандырады. Мағжан
тілі—меруерттей сұлу, нәрлі шын жүрек тілімен жазылуында.

ҚҰЛМАҒАНБЕТОВ С. А. —Москва ауданындағы
Бұлак орта мектебінің мұғалімі

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ШЫГАРМАЛАРЫНДАҒЫ (поэзиясындағы) ҰЛТ—АЗАТТЫҚ ТАҚЫРЫБЫ

«Елу жылда—ел жаңа» дегендегі, біздің де заманымыз өз-
геріп, әдебиетіміз бен мәдениетіміз—халқымыздың рухани
байлығының қайнар көздері қайта аршылып, тазарып өз ор-
тамызға косылып жатқандарына шексіз мақтануымызға бо-
лады. Ол қайнар бұлак көздері—өз халқының болашағы
үшін, Қазақстанның қоғамдық және рухани өмірі үшін кү-
рессен, сол арпағыстарда жазықсыз жазаланған, неше ал-
уан, зиялыштарымыздың есімдерінің бірі—Мағжан Жұмабай-
ұлы. Сөз реті келгенде, бұл есімді қалтай естіп, білгенімді
айтпай кетуге болмас.

Біз, 1960 жылдары Алматының ҚазГУ-інде, журналистік
бөлімде оқытынбыз. «Мағжан Жұмабаев акталағыны болып-
ты, оның әйелі осы Алматыда тұрады екен»—дегенді естіп,
біз үшеуіміз—мен, Марат Экбаров, Мағжан елінен (Булаев
ауданы) және Қанғожин Мұтәлләп —қазіргі «Қызылжар»
телекомпаниясының бастығының орынбасары. Мағжанның
әйелін іздеп таптық. Аты Зылиха екен, сұңғақ бойлы, жа-
сында көрікті кісі болғандай. Жас шамасы, сол кезде, 60-
тың ішінде бет —жүзіне әжептәүір, әжім кірген. Қөп тау-
қыметті тартқан кісі екендігі бірден байқалады...

Біз Магжан ағамыздың актаптаганы туралы анық-капығын білгелі көлгенімізді айттық. Ол кісі бізге сондай қуашылы, төртінен мәшінкеге басылған Магжан шыгармаларын бізге әкеліп көрсетіп, —оқындар бауырлары, сендер де Магжанның бауырларысындар ғой, қызылжарлық—деп, бізге бір данадан ұстатты да,—агаларыңың еңбектерін жинастырып, үш данадан бастырып койдым, кітап қызып бастыра-мын ба? деген ойым бар, бір-ақ ана жактан көмек жоқ (жоғары жак) баспадан шығартамыз дегендеге де көп, бір-ақ соларға сеніп, бермей жүрміп, біреулері әлі рұқсат еттей түр—легенді айтады. Кайсына сенесіп,—деп Зыліха аныңдың ауыр күрсінгені әлі есімде. Сол жолы біз Магжан шыгармаларының гүп-нұсқасын көріп, оқып, қолымызға қуанышпен үстеган едік. Біз оның өлеңдерін оқып қана коймай, «Корыт», «Жүсінхан», «Батыр Баян» т. б. поэмаларының барын беліш, таң калған да едік.

Соры арылмаған казакты Магжан өз көзімен көріп, бірге жүріп, олардың қасіретін бірге тартып, өле өлгенше казак, алаш үшін күресіп өтті.

«Басқа жұрт аспан-көкке асып жатыр,
Кілтін де өнер—білім ашып жатыр.
Ойламай біздің казақ текке жатыр,
Кең жері күннен-күнге құрып жатыр.
Сүр жылан қанын-сөлін сорып жатыр,
Кешигі шешек жарған казак гүлі,
Сарғайын, бір су тимей, солып жатыр,
Мінекей, казақ солай бітіп жатыр».

(«Жатыр»)

Ақынының бұл жолдарынан казактың кең жерінің құрып бара жатқанын, отаршылдық жыландаї сорып, казакты да құрытып бара жатқанын ашық та, ашына жырлайды. Ол «Сорлы қазак» өлеңінде:

«Шетке лактыр, тымактай алып, елден ку,

Ертеді кеш басыңа мініп, езгінді!»—деп елді азаттықка шакырады.

Магжан «Қазагым» деген өлеңінде де малынаи, жерінен айырылып жатқан казактардың болашак тағдыры не болаты дей келіп:

«Бар жерді күннен-күнге алып жатыр,
Біреулер алдын кала салып жатыр.
Қырлысып өзді-өзімен казак сорлы,
Жерінен аузын ашып қалып атыр.

«Заман тұлкі болғанда тазы болмай,
Биік кырдан алдағы аса алмаспсыз» дег,
старышылдық саясаттың заманыдағы казақ халқының мүш-
кіл халін айта келіп, бірлікке шакырады.

Магжан казақ халқының басындағы зобатаннаң, қанды-
заптан құтылу жолын, тек казақтың өзі сиякты оқыған
заматтарынан күттіреді:

«Азамат, анау казақ қаным десен,
Жұмақтың сұын апар жаңым» десен.
Болмаса, ібіліс бол да у алып бар,

Токтатам тұншықтырып зарын десен,»—деп казақтың
зарын бүйтіп естігенше, у ішіп өлтөнін артық санаған. («Жа-
ралы жай»)

Магжан казақ халқының тағдырын, ауыр түрмисын,
туған елінен, жерінен айрылғандығын айтатын ешкім бол-
